

ЫҢҒАЙЛЫ КӨЛІК ПЕ, ӘЛДЕ ҚАУІП КӨЗІ МЕ?

2-БЕТ | ҚОСШЫ ТЫНЫСЫ



АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

6-БЕТ | МЕДИЦИНА



ШОҚАН МЕН ЛЮБА

8-БЕТ | ТҰЛҒА



ГОСУДАРСТВО ДОВЕРЯЕТ – ЖИТЕЛИ СОЗДАЮТ

9-БЕТ | ЭКОНОМИКА


# Jaňa Bastau

№23(162)
14 МАУСЫМ
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ 22 АҚПАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

janabastau
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ


## ЖАҢА ҮМІТ, ЖАҢА ҒИМАРАТ

**ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫСЫН ЖАЛҒАСТЫРДЫ**

Жыл басында Қосшы қаласындағы ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту орталығы жабылу қаупіне ұшыраған болатын. Бұған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің талаптарының қатаңдауы себеп болды: 2025 жылдан бастап мұндай мекемелер міндетті түрде лицензия алуы тиіс, ал бұл – қатаң санитарлық, өртке қарсы және өзге де техникалық нормаларға сай келуі қажет деген сөз. Алайда шағын қалалар мен ауылдарда мұндай талаптарға сай келетін ғимараттар оңай табыла бермейді. Бірақ көмекке мұқтаж балалар бар.

Орталық бес жыл бойы көпқабатты тұрғын үйдің жертөле қабатында жұмыс істеп, 47 балаға қызмет көрсетіп келді. Жаңа талаптарға байланысты мекеме жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды.

Ата-аналар көмек сұрап, Respublica партиясынан Мәжіліс депутаты Динара Наумоваға жүгінді. Депутат бұл мәселені дереу қолға алып, жергілікті биліктен келіссөздер жүргізді. Мәселені республикалық деңгейде көтерді және шешу жолдарын жеке өзі бақылауда ұстады. Еңбек министрлігі де Қосшының кішкентай тұрғындарына қолдау білдірді.

**Нәтиже бар: бүгінде орталыққа арналған жаңа ғимарат табылып, ол қажетті талаптарға сәйкестендірілуде. Қазіргі таңда жөндеу жұмыстары басталып, рұқсат құжаттарын рәсімдеу жүргізіліп жатыр.**

## ЖАС ҚАЛА – ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК




12 маусым күні Қосшы қаласында Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жергілікті халықпен есептік кездесу өткізді.

Бұл жиын жаңадан ашылған заманауи Қоғамдық мәдени-спорттық орталық кешенінде өтті. Әңгіме өзегі қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, сондай-ақ бүгінгі күні атқарылып жатқан жұмыстар мен болашақ даму жоспарына арналды.

3

## ҚОСШЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ АЙҚЫНДАЛДЫ:

**ӘКІМ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ**



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, Қосшы қаласының әкімі Азамат Есімұлы Капышев қаладағы Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде тұрғындармен кездесу өткізді.

Бұл кездесу қала тұрғындарының әкімдікпен тікелей байланыс орнатып, өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салуына тамаша мүмкіндік болды.

4

## САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ ТӘРЕЛКЕСІ

**ДҰРЫС ӨМІР САЛТЫНЫҢ НЕГІЗІ**

Бүгінгі таңда балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуда дұрыс әрі салауатты тамақтанудың маңызы ерекше. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру – тек ата-ананың ғана емес, мектептің, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Салауатты тамақтану тәрелкесі – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен бірқатар елдердің денсаулық сақтау министрліктері ұсынған визуалды модель. Бұл үлгі күнделікті тамақтану рационын теңдестіруге көмектеседі. Тәрелке неге негізделген?

2

## ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАЙДАН БАСТАЛАДЫ?



Қалалық кітапхананың ұйытқы болуымен өткен «Өмір – ең қымбат сый» атты ақпараттық-түсіндірме шарасы – тек мазмұнды кездесу ғана емес, жан дүниеге ой салатын, жүрекке сәуле құятын рухани алаң болды.

Шараға жиналған әрбір қатысушы өмірдің бағасын терең сезінуге, ішкі тыныштық пен үйлесімге бастар жол іздеуге мүмкіндік алды. Кітапхана ұжымы бұл бастаманы заманауи қоғамда адами құндылықтарды сақтау жолындағы маңызды қадам ретінде қарастырады.

2

БІЛІМ ЖҮЙЕСІ

## САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ ТӘРЕЛКЕСІ – ДҰРЫС ӨМІР САЛТЫНЫҢ НЕГІЗІ

(Басы 1-бетте)

**1. Көкөністер мен жемістер – ½ бөлігі**
Олар – дәрумен, минерал және талшық көзі. Асқорытуды жақсартады, иммунитетті нығайтады.
**2. Дәнді-дақылдар – ¼ бөлігі**
Нан, макарон, күріш, қарақұмық – энергия көзі. Толық дәнді өнімдер ұсынылады.
**3. Ақуыз көзі – ¼ бөлігі**
Ет, балық, жұмыртқа, бұршақ тұқымдастар – бұлшықет пен жасуша құрылымын қалыптастырады.
**4. Су – негізгі сусын**
Газдалған сусындар мен тәтті шырындардан гөрі таза су ішу ұсынылады.
**5. Қозғалыс және белсенділік**
Дұрыс тамақтанумен қатар физикалық белсенділік те салауатты өмір салтының ажырамас бөлігі.



Мектептегі рөліне келетін болсақ,мектеп асханаларында «Салауатты тамақтану тәрелкесі» үлгісіне сай мәзір ұсынылуы – балалардың дұрыс дағды қалыптастыруына сеп болады. Мектебіміздің оқушыларына салауатты өмір салтының қазіргі заманғы адам үшін құндылығын түсінуге, дұрыс тамақтану арқылы өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға көмектесу міндетін қойдық. Ол үшін оқушылар салауатты өмір салтының негізгі қағидаларын білуі және, ең бастысы, өздері үшін қабылдауы керек және бұл мұғалімдердің, ата-аналардың және баланың өзінің байыпты бірлескен жұмысының нәтижесінде ғана мүмкін болады. .

Қорытындылай келе, салауатты тәрелке – жай сурет емес, өмір сапасын арттыратын нақты құрал. Біздің елімізде де, әр бала теңдестірілген тағам арқылы дені сау ұрпақтың өкілі бола алады.

**Гүлманат Мысаева,**
**Қосшы қаласының 2 жалпы орта білім беретін мектептің әлеуметтік педагогі**



РУХАНИЯТ

## ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАЙДАН БАСТАЛАДЫ?

(Басы 1-бетте)

Бүгінгі таңда қоғам түрлі ақпараттар ағынына тап болып отыр. Кейде жалған үгіт пен теріс ағымдар жастардың санасын тұмшалап, шынайы бағыттан адастыруы мүмкін. Осындай күрделі жағдайда рухани тұрақтылық пен психологиялық қолдау – адамның ішкі жан дүниесін қорғап қалатын басты тірекке айналады. Осыған орай ұйымдастырылған шара өмірге деген көзқарасты қайта қарап, сананың сілкінуіне ықпал етті.

Іс-шара барысында қатысушылар өмірдің мәні туралы өз ойларын ортаға салып, шынайы пікір алмасты. Әр адамның жүрегінен шыққан сөздер – ішкі толғаныстың көрінісі іспеттес. «Өмір – Алланың адамзатқа берген ең үлкен аманаты. Оны қадірлеу – біздің ар алдындағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз», деген ойлар көпшіліктің көңілінен шықты. Бұл – жалаң ұран емес, терең түйсік пен шынайы түсініктің белгісі.

Шараның ерекшелігі – тек ой бөлісумен шектелмей, нақты психологиялық қолдауға бағытталуында. Қатысушылармен бірге эмоциялық тұрақтылықты сақтау жолдары талқыланып, ішкі күйзелісті еңсерудің тиімді тәсілдері ұсынылды. Жадыны сергітетін жаттығулар, тыныс алу әдістері және күйзелістен арылуға арналған қарапайым, бірақ пайдалы кеңестер берілді. Аталмыш бағыттағы жұмыс кітапхана қызметкерлерінің ізденісі мен жанашырлығын айқын көрсетті.

– Адам өз сезімін танып-білмейінше, өзіне көмектесе алмайды. Ішкі үйлесім – сыртқы әлеммен келісімге келудің алғашқы қадамы. Бүгінгі кездесуде мен көп дүниені қайта ой елегінен өткіздім, – деген қатысушылардың бірі әсерімен бөлісті. Мұндай сөздер – атқарылған жұмыстың нәтижелі болғанының айғағы.

Кездесу соңында кітапхана ұжымы бұл бағыттағы бастамаларды жалғастыруға ниетті екенін жеткізді. Рухани және психологиялық сауатты қоғам – өз болашағына бейжай қарамайтын, терең ойлайтын, сергек орта. Сол себепті мұндай игі шаралар – тек бір реттік іс-шара емес, сананы тәрбиелейтін жүйелі жұмысқа айналуы тиіс.

Өмір – құнсыз емес, қадірлі; өткінші емес – аманат. Біз сенеміз: шынайы түсінік пен рухани байлық бар жерде адасушылық болмайды. Жан мен жүрек үндескен жерде ғана адам өз жолын таба алады.

***Жан НҰРАХМЕТ***

Соңғы жылдары экологиялық таза әрі ыңғайлы көлік ретінде танымал болған электросамокаттар қоғамда кеңінен қолданыла бастады. Алайда құрылғыларға қатысты қауіпсіздік мәселелері де күн тәртібінен түскен емес. Әсіресе, литий-ионды аккумуляторлардан туындайтын өрт пен жарылыс қаупі арта түскен. Айта кету керек, электросамокатқа байланысты тіркелген өрт оқиғалары белгілі бір деңгейде жиілеген. Мұндай жағдайлар адам өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ жеке мүлікке елеулі зиян келтіруі ықтимал.

ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

## ЫҢҒАЙЛЫ КӨЛІК ПЕ, ӘЛДЕ ҚАУІП КӨЗІ МЕ?

Мамандар электросамокаттарда туындайтын төтенше жағдайлардың негізгі себептеріне аккумуляторлардың механикалық зақымдануын, қысқа тұйықталу немесе артық зарядтау салдарын, сапасыз немесе зақымданған батареяны пайдалануды, құрылғының ылғалмен жанасуын және өндірістік ақауларды жатқызады. Осындай факторлар электрқозғалтқыш пен аккумулятор жүйесінде жылудың шамадан тыс бөлінуіне әкеліп, жану немесе жарылыс қаупін күрделендіреді.

Қосшы қаласының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарға сақтық шараларын қатаң ұстануға кеңес береді. Ең алдымен, сапалы әрі сертификатталған өндірушілерден алынған құрылғыларды қолдану ұсынылады. Арзан әрі белгісіз брендтерді таңдау – қауіп төндіруі мүмкін факторлардың бірі.

Зарядтау кезінде құрылғыны қараусыз қалдырмау маңызды. Жақсы желдетілетін, салқын әрі құрғақ ортада ғана қуат көзін қосу – қауіпсіздік кепілі. Ылғалдылығы жоғары бөлмелер немесе күннің тікелей әсері орын алған жағдайларда зарядтау – өте қауіпті. Сонымен қатар, аккумуляторда ісіну, жылдам қызу, иіс шығару секілді бүліну белгілері байқалған сәтте құрылғыны дереу тоқтатып, арнайы сервис орталығына жүгіну қажет.

Құрылғыны жауын-шашында қолдануға, суға тигізуге немесе ылғал ортада сақтауға болмайды. Аккумулятор бөлігінің зақымдануы құрылғы құлағанда немесе қатты соғылғанда да орын алуы мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайлардан кейін техникалық тексеріс қажет.

Қалалық Төтенше жағдайлар бөлімі өрт қауіпсіздігіне селқос қарауға болмайтынын ескертеді. Электрмен жұмыс істейтін кез келген құралды пайдалану барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау – жеке ғана емес, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің алғышарты. Қала тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

– Электросамокат қазіргі өмір салтының бір бөлшегіне айналды. Дегенмен, қауіпсіздік ережелерін сақтамау қайғылы жағдайларға себеп болуы ықтимал. Әсіресе жаз мезгілінде қауіп деңгейі едәуір жоғарылайды. Әр азамат жеке қауіпсіздік үшін жауапкершілікті сезінуі қажет, – деп мәлімдейді Қосшы қаласының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері Ерсұлтан Сағнаев.

Қалалық өрт сөндіру қызметі өрттің таралуын жиі пайдаланушының жауапсыздығымен байланыстырады. Уақытылы әрекет жасалмаған жағдайда, жалын тұрғын үйлерге, автокөліктерге немесе халық көп жиналатын орындарға дейін жетуі ықтимал.

Электросамокат – заманауи, экологиялық шешім. Бірақ қауіпсіздік талаптарын орындау – басты басымдық болуы тиіс. Төтенше жағдайлар қызметі барлық тұрғындарды қауіпсіздікке мұқият қарауға және қауіпті жағдайларды болдырмау үшін қарапайым ережелерді сақтауға шақырады.

**Сейтбатал ҚАСЫМОВ**

ЗАҢ АЯСЫНДА

## РҰҚСАТСЫЗ САУДА МЕН ЖАРНАМАҒА ТОСҚАУЫЛ

**Қосшы қаласында рұқсатсыз орнатылған жарнамалар мен заңсыз сауда нүктелерін жою бағытындағы жұмыс жүйелі түрде жалғасып келеді. Қаланың тазалығы мен көркем келбетін сақтау, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында атқарылып жатқан шаралар – тұрғындардың күнделікті өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдар. Қаланың түрлі аудандарында орналасқан бейберекет сауда орындары мен жарнама тақтайшалары қаланың сәулеттік келбетіне нұқсан келтіріп қана қоймай, санитарлық және эпидемиялық қауіпсіздікке де қатер төндіретіні белгілі.**

Тексеру барысында санитарлық талаптарға сай келмейтін, рұқсат құжаттары жоқ сауда нүктелері мен дүңгіршектер анықталып, арнайы хаттамалар толтырылды. Кәсіп иелеріне заңбұзушылықты жою жөнінде ескертулер берілін, оларға заң аясында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру жұмыстары мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың алдын алуға бағытталғанын атап өткен жөн. Мемлекеттік құрылымдар шағын және орта бизнесті қолдауға мүдделі болғанымен, қолдау тек заң шеңберінде әрекет еткен кәсіпкерлерге қатысты екені түсіндірілуде.

Қаланың көрнекі жерлеріне, жаяу жүргіншілер жолына және әлеуметтік нысандар маңына бейберекет ілінген жарнамалар қала келбетін бұзып қана қоймай, көлік және жаяу жүргінші қозғалысына да кедергі келтіреді. Осыған байланысты жарнама құралдарын заңсыз орналастыруға жол бермеу мәселесі әкімдік, сәулет және құқық қорғау органдарының тұрақты бақылауында тұр. Жарнама орналастыру – тек коммерциялық мүдде емес, қоғамдық кеңістікті тиімді және мәдениетті пайдалану мәдениетінің бір бөлігі екені түсіндірілуде.

Мұндай тәжірибе тек Қосшы қаласына ғана тән емес. Қазақстанның өзге де өңірлерінде – елорда, Алматы, Шымкент және облыс орталықтарында – соңғы жылдары рұқсатсыз жарнама мен бейберекет сауданы жою бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынған. Аталған бастамалар ел аумағында заң үстемдігін орнату, қоғамдық тәртіпті сақтау және қалалық орта сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясат аясында жүзеге асырылып отыр. Әсіресе урбанизация үдерісі күшейген уақытта бұл бағыттағы бақылау шараларының маңызы артып келеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, кез келген жарнама мен сауда қызметі тиісті рұқсаттар мен санитарлық талаптарға сай жүргізілуі тиіс. «Жарнама туралы» және «Кәсіпкерлік қызмет» туралы заңдарда бұл талаптар нақты белгіленген. Сонымен қатар, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс нормаларына сәйкес, заңсыз сауда жасаған немесе рұқсатсыз жарнама орнатқан тұлғаларға айыппұл салынып, нысандары алынып тасталады.

Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасып, кәсіпкерлермен тығыз байланыс орната отырып, қала тұрғындарына қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруды көздейді.

**Алмат КАБЕГЕНҰЛЫ**

ӨҢІР ДАМУЫ

# ЖАС ҚАЛА – ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК



(Басы 1-бетте)

**ҚОСШЫ 4 ЖЫЛДА: ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ МЕН БОЛАШАҚ БАҒЫТЫ**

Биыл Қосшы қаласына 4 жыл толады. Еске салсақ, Мемлекет басшысы 2021 жылғы 26 шілдеде Қосшыға облыстық маңызы бар қала мәртебесін беру туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Осы уақыт аралығында елді мекен қарқынды дамып қана қоймай, стратегиялық маңызды құжаттарға – Астананың агломерациясын дамытудың кешенді жоспарымен Қосшы қаласының Бас жоспарына ие болды.

Халықпен кездесу барысында Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов тұрғындарға осы құжаттардың жүзеге асуы, жаңа жобалардың құрылысы туралы айтып, өзекті сауалдарға жауап берді.

Облыс әкімінің айтуынша, қала халқының қарқынды өсуі әлеуметтік инфрақұрылымды жүйелі дамыту қажеттігін көрсетіп отыр. Басты міндет – барлық тұрғын үшін білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

«Жаңа Бас жоспар – бұл жай ғана карта немесе жоба емес. Бұл – алдағы онжылдыққа, 2037 жылға дейінгі біздің ортақ іс-қимыл жоспары. Онда әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, инженерлік желілерді жаңғыртуға баса мән берілген», деді өңір басшысы.

Айта кетейік, Қосшы қаласын 2037 жылға дейін дамыту жөніндегі Бас жоспарға сәйкес, қалада 31 балабақша, 16 мектеп пен 7 емхананың құрылысы көзделген.

Кешенді жоспар аясында 39 жобаны іске асыру жоспарланған. Қазірдің өзінде 280 орындық балабақшаның құрылысы басталды. Ғимараттың қаңқасы тұрғызылып, терезелер орнатылып, трансформаторлық қосалқы станция, шатыр мен қасбетті әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекет басшысы төртінші Құрылтайда берген тапсырмаға сәйкес, қалада халықаралық деңгейдегі колледждің құрылысы жоспарланған. Аталған нысан үшін 12 гектар жер телімі белгіленді. Қазіргі таңда инвесторлар тарту және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында келісімдер жасау жұмыстары жүріп жатыр.

Медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру мақсатында жеке инвестиция есебінен «Viamedis» компаниясы көпсалалы ауданаралық аурухана мен емхана салып жатыр.

Қуаттылығы ауысымына 1 000 адамды қабылдайтын емхана биыл ашылады, ал келесі жылы 350 төсектік стационар іске қосылады. Онда заманауи бөлімдер – хирургия, травматология, онкология, кардиохирургия, нейрохирургия, химиотерапия және тағы басқа бағыттар қамтылады. Сондай-ақ қаладан тыс келген пациенттерге арналған пансионат пен дәрігерлерге арналған тұрғын үй салынуда. Бұл – мамандарды тартуға мүмкіндік береді. Құрылысқа 200 жұмысшы тартылып, құрылыс материалдары отандық өндірушілерден сатып алынуда.

«Мен айтып өткен барлық жоба – тек қағаз жүзіндегі жоспар емес. Олар – нақты жүзеге асып жатқан істер. Қосшы – жас әрі өршіл қала. Біз оны сіздермен бірге көркейтіп келеміз», – деп түйіндеді облыс әкімі.

**ҚОСШЫДА «ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ» МЕН ИНДУСТРИЯЛЫҚ ПАРКТІҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНДЫ**

Қосшы қаласында «жасыл белдеу» – саябақтар, гүлзарлар, көгалдандырылған көшелер мен қорғаныш ормандар жүйесін қалыптастыру жобасы жүзеге асырылуда. Бұл туралы Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Қосшы қаласының халқымен кездесуде мәлімдеді. Қазірдің өзінде қаланың орталық бөлігінде жалпы көлемі 4,2 гектарды құрайтын саябақ пен екі гүлзар салуға жер телімдері бөлінген.

«Жуырда бекітілген Қосшы қаласының Бас жоспары – жайлы және экологиялық таза орта қалыптастыруға бағытталған. Биыл екі гүлзардың құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұдан бөлек, төрт балалар ойын алаңын орнатуға 100 млн теңге бөлінді. Құрылыс жұмыстары басталып кетті», деді өңір басшысы.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қалада мыңнан астам бейне бақылау камерасы орнатылады. Өткен аптада облыс әкімдігі жеке инвестормен келісімге келіп, бақылау жүйесін оның есебінен орнату туралы келісім жасасты.

Қаланың экономикалық әлеуетін арттыру үшін өнеркәсіптік және логистикалық аймақтарды кеңейту жоспарлануда. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және халық тұтынатын тауарлар өндіретін жаңа кәсіпорындар ашылады. Сонымен қатар, жалпы ауданы 264 гектарды құрайтын Индустриялық парк салу көзделіп отыр.

Өңір әкімі атап өткендей, осы жер телімдерінің едәуір бөлігі жеке меншік иелігінде болса да, пайдаланылмай келеді. Осыған байланысты Қосшы қаласының әкімдігіне және салалық басқармаға жер телімдерін түгендеу тапсырылды. Негізгі басымдықтар: меншіктің заңдылығы мен тиімді пайдаланылуы.



«Мұндай жерлер стратегиялық маңызға ие және халық игілігіне жұмыс істеуі тиіс: жаңа жұмыс орындарын ашып, бюджетке кіріс әкеліп, инвестициялық ахуалды жақсартуға үлес қосуы қажет. Қосшының елордаға жақын орналасуы – оның басты артықшылығы. Бұл – шетелдік және отандық инвесторлардың қызығушылығын тудыратын фактор», деді Марат Ахметжанов.

Айта кетейік, Қосшының тиімді географиялық орналасуына венгриялық UBM Group компаниясы қызығушылық танытып отыр. Құны 13,4 млрд теңгені құрайтын премикс зауытын салу жоспарланған. Жоба аясында 100-ден астам тұрақты жұмыс орны ашылады.

Өткен жылы қалада 8 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 85 жаңа жұмыс орны құрылған болатын. Биыл жалпы құны 25 млрд теңгені құрайтын екі есеге көп жоба іске асырылуда. Атап айтқанда, бұл – «Орман алқабы» және «Сирень бағы» тұрғын үй кешендері, « Алтын-Қазық» ЖШС-нің ет өңдеу кешенін жаңғырту және бірқатар бизнес-орталықтардың құрылысы. Нәтижесінде 300-ден астам жұмыс орны ашылады.

Қазіргі таңда Қосшы қаласында екі ірі өңдеу кәсіпорны жұмыс істейді. «Алтын-Қазық» ЖШС былтыр 1,6 мың тонна ет өнімін өндірсе, кәсіпорынның толық қуаты – жылына 3 мың тонна. Ал «ИЛ ТОВ» ЖШС 2023 жылы 3 мың тоннаға жуық мұздатылған тауық етінен жартылай фабрикат шығарған.

«Өндірістік қуатты толық жүктеу және одан әрі ұлғайту үшін облыстың өзге аудандарымен шикізат жеткізу мәселелері бойынша тығыз байланыс орнату қажет», деді өңір басшысы.

Марат Ахметжанов атап өткендей, сапалы инвестициялар тарту мәселесі ерекше бақылауға алынады.

**ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ: ГАЗ, СУ, ЖОЛ, ЖАРЫҚ**

Қосшы – тұрғындары үшін қолайлы, заманауи әрі жайлы қалаға айналуы тиіс. Сонымен қатар, ол елордаға сенімді серіктес болуы керек. Бүгінде қала қарқынды дамып келеді, бұл инженерлік желілерге түсетін жүктеменің де артуына себеп болуда. Осыған байланысты газдандыру, электрмен қамту, ауызсу жеткізу, жол жөндеу және жаңа жолдар салу мәселелері күн тәртібінен түспей отыр. Бұл туралы Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Қосшы қаласының халқымен өткен есептік кездесуде айтты.

Астаналық агломерацияны дамытудың Кешенді жоспары аясында Қосшы қаласында 39 жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда: әлеуметтік инфрақұрылым – 4 жоба, 5 көлік инфрақұрылымы , сумен жабдықтау – 8, электрмен жабдықтау – 4, жылумен қамту – 4, газдандыру – 2 және өзге де бағыттар бойынша 12 жоба қолға алынған.

Газдандыру саласында өткен жылы «Сарыарқа» магистральды газ құбырынан желі тарту жұмыстары басталды. Үш жылға жоспарланған бұл жоба 2026 жылы толық аяқталады деп жоспарлануда. Қазірдің өзінде 132 шақырым газ құбыры тартылып, алдағы уақытта тағы 276 шақырым салу көзделіп отыр. Бұл ауқымды жоба Қосшы қаласындағы 30 мың абонентті табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Биыл Тайтөбе ауылында да газ желілерінің құрылысы басталды. 2026 жылдың соңына дейін Қосшы мен Тайтөбе 100 пайыз газбен қамтылатын болады. Биылдың өзінде үш іске қосу кешенінің алғашқысы пайдалануға берілмек.

Ауызсу мәселесін шешу бағытында да бірқатар жұмыстар атқарылуда.

Әкім атап өткендей, негізгі назар Төменгі Романов кен орнынан тартылатын су құбырына аударылған. Жақын күндері бұл нысанды қалалық коммуналдық мекеменің балансына беру мәселесі шешімін табады.

Ауызсудың сапасын жақсарту мақсатында тазарту қондырғыларын жөндеуге бюджеттен қаржы бөлінеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, су құбырының 4-кезеңінің құрылысына Арнайы мемлекеттік қордан қаржы бөлініп, жоба биыл аяқталады. Нәтижесінде 5 мың абонент қосымша сумен қамтылады. Бұдан бөлек, бекітілген Бас жоспарға сәйкес жаңа ықшамаудандарды қамтитын 5-кезеңді жүзеге асыру жоспарланып отыр. Қазіргі таңда жаңа кәріз коллекторы мен тазарту құрылыстарын салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Жыл соңына дейін жобалау жұмыстары аяқталып, келер жылы құрылыс басталады.

Электрмен қамту мәселесі де назарда. Қатарынан екінші жыл облыстық бюджеттен электр желілерін жаңғыртуға және оларды сенімгерлік басқаруға «Ақмола ЭТК» мекемесіне беруге дайындық аясында 250 млн теңге бөлінуде. Қазір «Лесная Поляна» тұрғын үй алабында электр желілерін жаңарту жұмыстары аяқталуға жақын. «Северная» қосалқы станциясынан жаңа кабельдік желі тартылып, тарату трансформаторлық қосалқы станциялары орнатылды. Бұл уақытша схема арқылы қосылған 17 көпқабатты үйді тұрақты әрі сенімді электрмен қамтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, биыл электрмен жабдықтаудың 4 және 5-кезеңдерінің құрылысы басталды. Олар жаңа абоненттерді үздіксіз жарықпен қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда 6 мыңнан астам абонентті қамтитын және бүкіл ауылды электрмен қамтитын 46 шақырымдық электр желісінің құрылысы аяқталуға жақын.

Жиын барысында өңір басшысы жол инфрақұрылымын дамыту мәселесіне де тоқталды. Биыл Қосшы қаласында 10 көшеге жол салу жұмыстары жалғасады. Бұл жұмыстар аясында тротуарлар мен тұрғын үйлерге кіреберіс жолдар да қарастырылған. Қоғамдық-мәдени-спорттық орталыққа апаратын жолдың құрылысы аяқталуға жақын. Сонымен қатар, елордаға тікелей шығатын жаңа жол салу жоспарланып отыр. Тайтөбе ауылында 26 көшеге ішкі жолдарды жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қосшы қаласында бос жер қалмаған, қолда бар аумақтың басым бөлігі жеке меншікке өтіп кеткен. Алайда олардың бір бөлігі мақсатқа сай пайдаланылмай отыр. Бұл – елді мекеннің дамуына кедергі келтіретін өзекті мәселенің бірі.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, иесіз немесе тиімді пайдаланылмай жатқан жер телімдері мемлекет меншігіне қайтарылып, халықтың игілігіне қызмет етуі тиіс.

Осыған орай, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов тиісті мемлекеттік органдарға Қосшы аумағындағы жер қорына жан-жақты талдау жүргізіп, меншік құқығы мен пайдалану тиімділігін мұқият зерделеуді тапсырды.

**Мақала Ақмола облысы әкімінің баспасөз қызметінің дерегі бойынша дайындаған**
**Дәулет АСАУ**

ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

# ҚОСШЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ АЙҚЫНДАЛДЫ: ӘКІМ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ

**(Басы 1-бетте)**

Қала әкімі өз сөзінде қаланың әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымды дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы уақыттағы жоспарларымен бөлісті. «Биыл Қосшы қаласына облыстық маңызы бар қала мәртебесі берілгеніне төрт жыл толады. Осы уақыт ішінде біз бірлескен күш-жігермен бірқатар маңызды әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық мәселелерді шешіп, қала дамуының жаңа кезеңіне қадам бастық. Бұл – әкімдік, қалалық мәслихат депутаттары, кәсіпкерлер мен қала тұрғындарының бірлескен еңбегінің нәтижесі екенін атап өткім келеді,» деп бастаған қала басшысы қала мәртебесін алғаннан бергі атқарылып жатқан мардымды істердің қатарын тарқатып берді.

Қала мәртебесін алғандағы ең бірінші кезек күттірмейтін мәселе үш ауысымда білім беру болған еді. Бұл мәселе бүгінде толықтай шешілді. Қаламызда төрт жаңа мектеп салынды. Олар 1200 орындық IT-лицей, 1500 орындық мектеп-гимназия, 1200 орындық жалпы білім беретін мектеп пен №4 орта мектеп (Абай көшесі бойында).

Алдағы уақытта мемлекет басшысының тапсырмасымен заманауи халықаралық технологиялық колледждің құрылысы жоспарлануда. Қазіргі таңда қала инженерлік инфрақұрылым тапшылығымен (электр қуаты жетіспеушілігі, кәріз тазарту стансасындағы мәселелер және т.б.) бетпе-бет келіп отыр. Бұрын салынған электр желілері ауылдық аймаққа бейімделіп жобаланған. Егер бұрын 30 мың адамға есептелсе, қазіргі таңда қалада 100 мыңнан астам тұрғын бар. Электр желілері шамадан тыс жүктелген, ал кейбір аудандарда қажетті қуат жетіспегендіктен желілер мүлде жоқ. «АРЭК» АҚ жаңа нысандарға техникалық шарт бермейді. Ауылдық мәртебеде болған кезде желілерге 10 жылдан астам жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, сондықтан көп бөлігі қанағаттанарлық жағдайда ғана.

Электр желілеріне қатысты 2024 жылы электр желілерін жөндеуге 250 млн теңге бөлініп, бірқатар жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл апаттар санын азайтуға мүмкіндік берді. Ал 2025 жылға да 250 млн теңге бөлінді, сол қаржы есебінен жөндеу жұмыстары жалғасады. 2024 жылдан бастап жаңа қосалқы станция салу және қолданыстағыны жаңғырту бойынша екі жоба әзірленіп жатыр. Бұл станциялар салынса, қаладағы электр энергиясы тапшылығы толық шешіліп, желілердің жүктемесі азаяды. Сонымен қатар, биыл Қосшы қаласының 19–20 шағын аудандарын және оңтүстік бөлігін қамтитын электрмен жабдықтаудың 4-кезеңінің құрылысы басталады.

Су тапшылығын жеңілдету үшін 5 жаңа ұңғыма іске қосылып, су желілеріндегі апаттар саны азайды. Сонымен қатар, Нұра жер асты су кен орны арқылы Қаражар ауылынан «Лесная поляна» тұрғын үй алабына дейінгі су құбырының құрылысы қарастырылуда. Бұл жоба тәулігіне 6–7 мың текше метр су жеткізуге мүмкіндік беріп, тұрғындардың қажеттілігін толық қамтамасыз етеді.

Әкімдік ең алдымен инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға күш салып жатыр. Биыл қаланың кәріз жүйесі желілерін салуға жоба әзірленді. Жоба аясында диаметрі 1 000 мм болатын негізгі магистраль салу қарастырылған. Бұл мәселені шешуге мүмкіндік береді. Жыл соңына дейін жоба республикалық бюджетке ұсынылады. Қаржы бөлінсе, құрылыс жұмыстары басталады.

Жыл сайын бюджеттен жол салуға, көшелерге күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізуге қаражат бөлінеді. Қазіргі уақытта Қоғамдық мәдени-спорт орталығының жолдарын, өрт сөндіру депосына, «Сиреневый сад» тұрғын үй кешеніне кіреберіс жолдарды, сондай-ақ қала мен Тайтөбе ауылының басқа да көшелеріндегі жолдарды аяқтау жұмыстары жүргізілуде. Барлық көшені бір жылда қамту мүмкін емес, бірақ бұл жұмыс бюджеттен қаржы бөлінуіне қарай кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

2024 жылы қаланы газбен қамтамасыз ету жұмыстары басталды. Бұл жұмысты келесі жылы толық аяқтау – басты міндет. Сонымен қатар, биыл Тайтөбе ауылын газдандыруды бастау маңызды. Көгілдір отын электр және жылу желілеріне түсетін жүктемені азайтады.

Нағыз серпіліс пен ілгерілеу Қосшы қаласының Бас жоспары аясында индустриялық–өнеркәсіптік аймақты игеруге күш салған кезде басталады. Аталған аймақтың жалпы ауданы – 264,0 га, қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы мақсатындағы ұзақ мерзімді жер пайдалану санатында. Қазіргі таңда қала әкімдігі бұл жер телімдерін мемлекеттік меншікке қайтару механизмдерін қарастыруда, алайда оған қажетті инженерлік инфрақұрылымды тарту үшін облыс тарапынан қолдау қажет.

Тұрғын үй құрылысы және үлескерлер мәселесі бойынша 2022 жылдан бері 65 млрд теңгеге құрылыс жұмыстары атқарылды. 2024 жылы көптен қордаланған үлескерлер мәселесі шешіліп, «КГС Сауда» құрылыс компаниясы 8,5 млрд теңгеге «Сиреневый сад» тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтауда. 2038 жылға дейінгі Бас жоспарға сәйкес: көпқабатты үйлер үшін – 360 га, жеке тұрғын үй құрылысына – 900 га жер қарастырылған.

2024 жылы негізгі капиталға 45,2 млрд теңге инвестиция тартылды (облыс бойынша 3-орын). Инвестициялардың 83,8%-ы – жекеменшік. Ірі жобалар қатарында «Илтов» құс етін өңдеу зауыты, «АБК-Песчаник», «Элитстройкомплект» зауыттары, «Алтын Қазық» шұжық цехы бар. Биылғы мақсат – 80 млрд теңге инвестиция тарту.

Шағын және орта бизнесті дамыту бағытында қалада 3 900-ден астам кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. 2025 жылдың басынан бері бөлшек сауда айналымы 6%-ға өсіп, 1,8 млрд теңгені құрады. Бизнес өкілдері де қаланы абаттандыру жұмыстарына белсенді атсалысуда. Мысалы, 2022 жылы қаланың кіреберісіне «Қосшы» стелласы орнатылса, 2023 жылы Республика көшесінде «Бірлік» скверi салынды.

Денсаулық сақтау саласына қатысты қалада мемлекеттік бірінші емхана мен «Жанұя» емханасының 2 филиалы жұмыс істейді. Сонымен қатар, 350 орындық көпбейінді жеке аурухананың құрылысы жалғасуда. Жобаға «Viamedis» ЖШС тарапынан 28,0 млрд теңгеден астам инвестиция құйылды. Аурухананың жанынан күніне мың адамды қабылдай алатын заманауи емхана салынуда. Қалаға білікті әрі тәжірибелі дәрігерлерді тарту мақсатында тұрғын үй де бой көтереді. Аурухана Ақмола облысының жақын маңдағы аймақтарына да қызмет көрсететін болады.

Сонымен қатар, көктемгі су тасқынының алдын алу жұмыстары да қарқынды жүргізілгені белгілі.

Кездесу барысында тұрғындар өздерін толғандырған өзекті мәселелерді ортаға салды.

Тұрғын: «Ауа райы құбылып, жауын жауып, жел соқса жарықтың сөнуі тұрақты жағдайға айналды. Тұрмыстық техника үшін қаншалықты зиян келтіріп жатқандығы белгілі шығар. Бұл мәселені оңтайлы шешудің жолы бар ма?»





Қосшы қаласында биыл Қоғамдық мәдени-спорт орталығы ашылды (Б.Өтемұратов қоры демеушілік еткен, құны – 9,5 млрд теңге). Орталықтың ашылуы қаламыздың жас тұрғындарына заманауи үйірмелерге қатысуға, қолөнермен айналысуға, шахмат ойнауға, спорт секцияларына баруға және заманауи жабдықталған кітапхана мен үлкен кинозалға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Қалада жаңа мешіт салынды.

Әлеуметтік қолдау шаралары бойынша 2024 жылы 150 млн теңгеге әлеуметтік көмек көрсетілді, 50 зейнеткерге санаторлық жолдама берілді. Сондай-ақ 180 мұқтаж отбасыға пәтер кілттері табысталды (алғашқы 20 пәтер қала күнінде — 2024 жылғы 4 шілдеде, 66 пәтер — 2024 жылғы 29 қарашада, 94 пәтер — 2025 жылғы 17 қаңтарда табысталды). Сонымен қатар, «Отбасы банк» арқылы 45 отбасы нарықтан төмен бағамен тұрғын үй алу мүмкіндігіне ие болды.

Абаттандыру және көгалдандыру мәселесі бойынша мемлекет басшысының тапсырмасымен 2 жаңа сквер мен 1 саябақ салу жоспарланған. Қала әкімдігі жыл сайын балалар ойын алаңдарын орнату жұмыстарын жүргізіп келеді. Биыл 4 алаң орнатуға келісімшарт жасалды. Олар – Ұлы дала көшесі, Жабаев көшесі, «Лесная поляна 21» және «Алтын Қазық» тұрғын үй кешендерінде. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасады. Бюджет қаражатының шектеулі болуына байланысты, барлық қалаға ойын және спорт алаңдарын қысқа мерзімде қамтамасыз ету қиындық тудырады.

Әкім Азамат Қапышев: «Қаланың электр жарығының қуаты 30 мың адамға ғана есептелген. Тұрғындар мен үй-жайлардың қатары уақыт өткен сайын артып келеді. Ауа райының құбылған кезіндегі апаттық жағдайларды сирету үшін арнайы генераторлар қатарын жаңартып жатырмыз. Бұл мәселеге қатысты әлі де бірқатар нәтижелі жұмыстар көзделіп отыр»

Тұрғын: «Көп қабатты тұрғын үйлердің маңайында тәртіп әлсіз. Үй-күйі жоқ қаңғыбастар көп. Неге олар еңбекке тартылмайды? Түн ортасына дейін үй көрмейтін мектеп жасындағы балалар неге бақылаусыз? Ата-аналарымен байланыс жасап, түсіндірме жұмысын жүргізіп жатқан ешкімді байқамаймыз».

Қосшы қаласы полиция бөлімінің өкілі: «Балалар ең алдымен ата-ананың тікелей жауапкершілігінде болуы керек. Біз қолдан келгенше түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеміз. Бірақ жұмысбасты ата-аналар баланы еркіне жіберіп қоятындығы қазіргі қиын мәселе болып тұр. Әсіресе Лесная Поляна шағын ауданының тұрғындарының көпшілігінің тұрақты тіркеуі жоқ, пәтер жалдаушы болғандықтан, байланыс орнатып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу қиындау. Қала бойынша бізде тек екі автопатруль болғандықтан, бәрін бірдей назарға алу мүмкін емес. Бірақ халықтың



басым көпшілігі отыратын ортақ чатта, әлеуметтік желілерде ескерту ақпараттары таратылып, назарға алынбаса, айыппұл төлейтіндігі ескертіліп жатыр. Алдағы уақытта штат саны артып жатса, мұндай мәселелер саны да азаяды деп сенеміз».

Тұрғын: «Қосшы қаласының Нұра-Есіл көшесінің тұрғынымын. Қала ішінде қандай жұмыс атқарылып, қандай өзгеріс болып жатқандығын біліп отыратын неге ақпараттық газет-радио, телеарна жоқ? Халық пен билік арасын жалғайтын ақпарат құралдары болса деймiз. Біздің тарапымыздан көп сұрақ болмау үшін осындай ақпараттар жариялап отыратын газет болса»

Әкім Азамат Қапышев: «Біздің қалада телеарна болмаса да, жұмысы қарқынды, бір жолға қойылған, сапалы газетіміз бар. Онда Қосшыда болып жатқан іс-шара, кездесу, жаңалықтардың бәрі уақытынан кешіктірілмей, толыққанды жарияланып отырады. Облыс бойынша үздік деп танылған газетпен кездесуден кейін осындағы мамандардан сұрап мекен-жайын алсаңыз болады» деп, қала тынысын тарқатып отырған «Jana bastau» әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси газеттің жұмысына тоқталып өтті.

Кездесуде шаһар келбетіне нұқсан келтірген дүңгіршектердің мәселесі де айтылды. Қала басшысы аймақтың бас жоспарының енді қолға алынып жатқандығын алға тартып, бұл мәселелердің жақын арада өз ретімен шешілетіндігін айтты. Кездесу барысында бұдан бөлек орталық көшелердің тарлығы сияқты инфрақұрылымдық кемшіліктер де сөз болды. Сондай-ақ көпқабатты тұрғын үйлердің балалар алаңқайларының жағдайы сынға алынып, жауапты мердігерлерден уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізу сұралды. Қала әкімі мен мекеме басшылары қойылған әр сұрақты мұқият тыңдап, тиісті жауаптарын берді. Көтерілген ұсыныстардың барлығы назарға алынатындығы айтылды.

Әкім Азамат Қапышев: «Қорыта айтқанда қадірменді ағайын, Қосшының 2038 жылға дейінгі Бас жоспары биыл ақпан айында Үкімет қаулысымен бекітіліп, қаланың әлеуметтік, экономикалық және инженерлік инфрақұрылымын кешенді түрде дамытуға бағытталған. Бұл құжат қаланың тұрақты өсімі мен халықтың әл-ауқатын арттыруға негізделген жүйелі шешімдерді қамтиды. Қосшы қаласы – дамып келе жатқан жас шаһар. Біз барлық салада жүйелі әрі кешенді даму бағытын ұстанамыз. Алдағы басты мақсатымыз – қала инфрақұрылымын нығайту, инвестиция тарту, әлеуметтік қолдау шараларын күшейту, Қосшыны жайлы әрі қауіпсіз қалаға айналдыру. Біздің басты байлығымыз – қала тұрғындары. Қосшы – бәріміз үшін ортақ үй. Сіздердің ұсыныстарыңыз бен қолдауларыңыз арқылы ғана біз одан әрі дамимыз», деп есеп сөзін түйіндеді.

**Гүлназ БИСЕН**

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

# МҰҢ-МҰҚТАЖ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы өзара сенімді қатынас орнату – қоғамның тұрақты дамуы мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің негізгі тетігі. Халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін мәселелерді ашық талқылау, әрбір өтінішке құлақ асып, уақтылы жауап беру – билік пен тұрғындар арасындағы диалог мәдениетін нығайтады. Осы мақсатта «AMANAT» партиясының Қосшы қалалық филиалында ұйымдастырылған қоғамдық қабылдау барысында өзекті әлеуметтік мәселелер көтеріліп, нақты шешімдер ұсынылды.




Қоғаммен тығыз байланыс орнату және азаматтардың көкейіндегі өзекті мәселелерге дер кезінде жауап беру – мемлекеттік құрылымдардың басты міндеттерінің бірі болып саналады. Осы орайда «AMANAT» партиясының Қосшы қалалық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды жеке мәселелері бойынша кезекті қабылдау өтті. Қабылдауды Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақтыбай Шәди жүргізіп, әрбір тұрғынның өтінішіне жіті мән берді. Жергілікті билік пен халық арасындағы ашық диалогқа негізделген бұл қабылдау – әлеуметтік қолдаудың нақты көрінісі.

«AMANAT» партиясы Қосшы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Рақымжан Сейдахметовтің айтуынша, қашықтықтағы кедергілерге қарамастан, қабылдауға жазылған тұрғындар бейнебайланыс арқылы тікелей қосылып, көкейдегі сұрақтарын ортаға салды. Әсіресе еңбекке жарамдылығы шектеулі жандардың жұмысқа орналасуы, көп балалы аналардың әлеуметтік жағдайы, Семей ядролық полигонынан зардап шеккен азаматтарға берілетін қолдауға қатысты мәселелер жиі көтерілді. Жеке тағдырмен тығыз байланысты мұндай сауалдар қоғамда терең маңызға ие екені байқалды.

Әрбір өтініш мұқият тыңдалып, қолданыстағы заңнамалар негізінде жан-жақты түсініктемелер ұсынылды. Тұрғындарға құқықтық тұрғыда бағыт-бағдар беріліп қана қоймай, нақты шешу жолдары да көрсетілді. Семей полигонының салдарынан зардап шеккен азаматтарға қатысты өтемақы мәселесі назардан тыс қалмай, біржолғы төлем рәсімдеу мәселесі оң шешімін тапты. Үәделі жауаптар мен нақты әрекеттер тұрғындардың сенімін оятуға сеп болды.

– Қоғамдық қабылдаулар – қарапайым халықтың мұң-мұқтажын ескеріп, уәкілетті органдарға жеткізудің тиімді алаңы саналады. Әлеуметтік әділеттілікке бастайтын бұл механизм қоғамда тұрақтылықты сақтап, тұрғындардың мемлекеттік жүйеге деген сенімін нығайтады. «AMANAT» партиясы азаматтардың үнін естіп, өмір сапасын арттыру жолында ашықтық пен әділдікті басты қағида етіп ұстанып келеді, – дейді Рақымжан Сейдахметов.

Мұндай форматтағы азаматтарды қабылдаулар партия филиалында үнемі жүргізіліп отырады, қала әкімі, орынбасарлары, бөлім басшылары, облыстық, қалалық мәслихаттың депутаттары кестеге сәйкес тоқсанына бір рет қабылдау жүргізеді. Бұдан бөлек филиалда ай сайын «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында заңгер, адвокаттар қабылдаулар өткізсе, мобильді қоғамдық қабылдаулар арнайы бастауыш партия ұйымдарында шығып, азаматтармен кездесулер өткізеді. Алдын ала хабарламалар әлеуметтік желіде жарияланып отырады.

**Жанар АХМЕТОВА**

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

# Өрт қауіпті кезең басталғаннан бері 30 адамға айыппұл салынды

Жыл басынан бері Ақмола облысында 232 өрт тіркелді. Өрттің негізгі себебі әлі күнге дейін адами фактор болып табылады — өртті абайсыз пайдалану және қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамау.

Биыл облыс аумағында 8 орман өрті және 128 құрғақ шөптің өрті тіркелді. Өрт қауіпті маусымның өткен кезеңінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағаны үшін 39 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның 30-ына айыппұл салынды.

Өрт қауіпті маусымның басталуымен Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері полициямен бірлесіп үнемі профилактикалық рейдтер жүргізеді. Аралау барысында саяжай және бау-бақша учаскелерінің тұрғындарына өртке қарсы қауіпсіздік шаралары, ашық отты пайдалану тәртібі және бұзушылықтар үшін жауапкершілік түсіндіріледі.

Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға шақырады.

Өсімдіктерге, ағаштар мен ғимараттарға жақын жерде құрғақ шөптерді жағуға тыйым салынады.

Бақылаусыз от жағуға және қоқысты жағуға жол берілмейді.

Бұл талаптарды бұзу өртке және әкімшілік жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

Есіңізде болсын: ережелерді сақтау Сіздің қауіпсіздігіңіз бен қоршаған ортаның қауіпсіздігінің кепілі болып табылады.



ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылғы 6 маусымда Қосшы қаласы әкімдігінің мәжіліс залында атаусыз көшелерге атау беру бойынша өткен қоғамдық тыңдаулардың хаттамасынан үзінді.

Іс-шараға қала әкімдігі, тіл саласының мамандары, жұмыс тобының мүшелері, тұрғындар мен қоғам өкілдері қатысты. Қосшы қаласында атауы жоқ үш көшеге атау беру мәселесі бойынша қоғамдық тыңдау өтті.

Көпшілік тыңдау барысында ұсыныстар мен пікірлер талқыланып, 19-шағын аудандағы №20 көшеге Сағадат Нұрмағамбетовтің; 20-шағын аудандағы №6 көшеге Нұрғиса Тілендиевтің; «Асыл түлік» шағын ауданындағы көшеге Нұрғали Есмағамбетовтың есімдерін беру туралы шешім қабылданды.

Выписка из протокола общественных слушаний по присвоению наименований трём улицам без названия, состоявшихся 6 июня 2025 года в зале заседаний акимата города Косшы.

В мероприятии приняли участие представители акимата, специалисты в области языка, члены рабочей группы, жители и представители общественности. В ходе слушаний были обсуждены предложения и мнения, по итогам которых было принято решение о присвоении имени Сагадата Нурмагамбетова улице №20 в микрорайоне 19; имя Нургисы Тлендиева - улице №6 в микрорайоне 20; имя Нургали Есмагамбетова - улице в микрорайоне «Асыл түлік».

МЕРЕЙ

# АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

## ҚОСШЫДА МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Қосшы қаласының Қоғамдық мәдени-спорт кешенінің концерт залында Медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара өтті. Бұл мерекелік іс-шара мемлекеттің басты байлығы – халық денсаулығын нығайту жолында аянбай еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандардың еңбегіне құрмет көрсетуге арналды.



Әрбір мемлекеттің басты байлығы – оның азаматтары болса, әрбір адам баласы үшін байлық та, бақыт та – денсаулық. Олай болса, медицина қызметкерлерінің кез-келген қоғамда алар орны қашан да ерекше. Әрбір азаматтың денінің сау болуы – ақ халатты абзал жандардың ерік-жігерінің, білімдері мен кәсіби біліктілігінің жемісі екені сөзсіз.

Салтанатты шарада алғашқы болып Қосшы қаласы мәслихатының төрағасы Әлихан Жұмаханұлы сөз алды:

«Құрметті медицина саласының қызметкерлері, бүгінгі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Мемлекеттің басты байлығы - халық болса, халықтың басты байлығы - денсаулық. Еліміздің әр тұрғынының денсаулығын нығайтып, күтуіне атсалысып, аянбай еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандарға айтар алғысымыз шексіз. Біз сіздерге қашан да құрметпен қараймыз. Қала әкімінің атынан, қалалық мәслихат депутаттарының атынан төл мерекелеріңізбен құттықтаймын. Әрқайсыңыздың отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, ынтымақ пен денсаулық тілейміз!»

Әлихан Жұмаханұлы Ақмола облысы мәслихатының төрағасы Бейбіт Жүсіповтің атынан арнайы алғыс хатпен «Жанұя» отбасылық медициналық орталығының директоры Бақытгүл Райымбекқызын, сондай-ақ №1 қалалық емханың сарапшы дәрігері Гүлжан Әшімқызын марапаттады. Қосшы қаласының әкімі Азамат Есімұлы Қапышевтің алғыс хаттарымен №1 қалалық емхананың, «Жанұя» отбасылық денсаулық орталығының, Қосшы қаласының жедел жәрдем қызметінің дәрігерлері мен мейірбикелері, санитарлары және Қосшы қалалық санитариялық-эпидемиологиялық басқармасының бөлім басшысы марапатталды. Бұдан бөлек, Қосшы қаласының прокуроры Данияр Ізбасарұлының алғыс хатын №1 қалалық емхананың рентгенолог дәрігері Ренат Қадірұлы бастаған бір топ медицина қызметкерлері алды. Қосшы қаласы полиция бөлімінің басшысы, полиция полковнигі Азамат Тәшкенбайұлының алғыс хатын алған төл мереке иелері де аз болмады.

Сөз тізгінін алған «AMANAT» партиясы Қосшы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Рақымжан Ешкенбайұлы медицина қызметкерлерінің ел дамуы мен салауатты ұрпақтың қалыптасуына қосқан үлесін атап өтіп, бірқатар еңбеккерлерді алғыс хатпен марапаттады.





Қосшы қаласы «Жанұя» отбасылық денсаулық орталығы медициналық директоры Бақытгүл Райымбекқызы әріптестерін мерекемен құттықтап, емхананың ашылғаннан бергі жетістіктері мен болашақ жоспарлары туралы айтты:

«Құрметті әріптестер, бәрімізге ортақ төл мереке құтты болсын! Баршаңыздың жасап жатқан еңбектеріңіз нәтижелі, баянды болсын! Алысқа ат терлетіп, облыс орталығына бармас үшін 2018 жылдың қыркүйегінде «Жанұя» емханасы ашылған еді. Міне, содан бері қаншама адамның ауруына араша болып, қолдан келгенше біліктілікпен еңбек етіп келеміз. 2023 жылы қалалық емхана ашылып, қатарымыз көбейіп, қуанышымыз арта түсті. Уақыт ағынына қарай халықтың саны да артып келеді, соған сәйкес әлі де емханалар саны артады деп сенеміз. Денсаулықтарыңыз мықты болып, халықтың алғысына бөленіп жүре беріңіздер!»

Салтанатты шара мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасты. Жеңіс Бақберген «Мың алғыс дәрігерге» әнін орындап, медицина майталмандарына құрмет көрсетті. Ал жас орындаушы Мадина Қабдолла «Ақ халатты абзал жандар» әнін жоғары деңгейде орындап, көрермен қошеметіне бөленді. Сахна төрінде жоғары диапазонмен жарқыраған «QAZAQ VOICE» триосы «Арго», «Рақмет, саған дәрігер» әндерін тамаша орындап шықты.

Медицина қызметкерлері күні – Қазақстандағы ең маңызды кәсіби мерекелердің бірі. Бұл күн – еліміздің әрбір азаматының өмірі мен денсаулығын қорғау жолында күндіз-түні қажырлы еңбек етіп жүрген барлық медицина мамандарына деген алғыс пен құрметтің көрінісі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің көптеген Жолдауларында және халықпен кездесулерінде денсаулық сақтау саласының маңыздылығын үнемі атап өтеді. Мемлекет басшысы: «Әрбір қазақстандықтың денсаулығы – біздің басты құндылығымыз. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі – елдің дамуының кепілі» деп, атап көрсеткен болатын. Президент жүйелі реформалар жүргізу, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру, медициналық инфрақұрылымды жаңғырту, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін көтеру қажеттігін үнемі айтып келеді.

Қосшы қаласындағы осы мерекелік шара да Президент саясатының аймақта қалай іске асып жатқанының жарқын мысалы болды. Жаңа емханалардың ашылуы, қала әкімдігі тарапынан көрсетілген қолдау және үздік мамандарды марапаттау – бұл бағыттағы жүйелі жұмыстың көрінісі. Медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі мен жанқиярлық еңбегі арқасында еліміз салауатты ұрпақ тәрбиелеп, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

**Гүлназ БИСЕН**

КЕДЕРГІСІЗ ҚОҒАМ

# МҮГЕДЕК АДАМДАРҒА ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ?

Ақмола облысында мүгедектігі бар жандарға әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі үнемі жергілікті биліктің назарында. Соңғы мәліметтерге сәйкес, өңірде 29 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адам тұрады, олардың үш мыңнан астамы – балалар. Облыста бұл санаттағы азаматтарға көмек көрсету шаралары кеңейтіліп, қолжетімді инфрақұрылым жүйелі түрде дамытылуда.



Бүгінде 5,6 мыңнан астам адам қажетті оңалту құралдары мен қызметтеріне қол жеткізді. Бұл – көмекке зәру жандардың жалпы санының шамамен 60 пайызы. Оларға протездік-ортопедиялық көмек, көру және есту қабілеті төмен адамдарға арналған арнайы құралдар, арбалар, санаторий-курорттық ем алу мүмкіндігі, жеке көмекшілер мен ымдау тілі мамандарының қызметтері ұсынылды. Гигиеналық құралдармен де тұрақты түрде қамтамасыз етілуде.

Сонымен қатар облыста әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын бейімдеу жұмыстары жүргізілуде. Биыл 192 нысанды қайта жаңғырту жоспары жасалған. Бұл – тірек-қимыл жүйесі, көру және есту қабілеті бұзылған жандардың еркін қозғалып, қоғам өміріне толыққанды араласуына мүмкіндік беретін жағдайлар жасау бағытындағы нақты қадам. Қазірдің өзінде сегіз нысан бейімделіп үлгерген, бұл жұмыс жалғасуда.

Адрестік көмектің тиімді құралдарының бірі – "Цифрлық отбасы картасы". Бұл картада облыс тұрғындарының 768 мыңға жуық дерегі жинақталған. Оның көмегімен ең осал санаттағы азаматтарды жедел анықтап, тиісті көмек көрсетуге мүмкіндік бар. Қазіргі таңда 51 мыңнан астам дағдарыстық және шұғыл көмекті қажет ететін отбасы ерекше бақылауға алынған.

Жүйелі көзқарас, цифрлық шешімдерді енгізу және жергілікті жерде жүргізіліп жатқан белсенді жұмыстар Ақмола облысында мүгедектігі бар адамдардың өмір сапасын арттырып қана қоймай, олардың қоғамға кірігуіне де жол ашуда. Мұнда қамқорлық жай сөз жүзінде емес, нақты нәтижелермен және деректермен дәлелденіп отыр.

**Өз тілшімізден**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# ЖАС КАДРЛАРДЫ ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУ БАСТАЛДЫ

1 маусымда Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу басталады. Іріктеуге мемлекеттік тілді B1 деңгейінен төмен емес деңгейде меңгерген, жоғары білімі және кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар 35 жастан аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Іріктеу 2025 жылдың маусымынан қазанына дейін өтетін бірнеше кезеңнен тұрады.




Іріктеу қорытындысы бойынша резервке үздік 50 үміткер қабылданады. Қабылданған күннен бастап 3 жыл ішінде резервшілер конкурстық іріктеуден тыс әртүрлі мемлекеттік лауазымдарға тағайындалуы мүмкін. Іріктеу 6 бағыт бойынша іске асырылады:

-әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам;

- агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау;

- цифрландыру; -

- инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты;

- экономикалық және қаржылық саясат;

- сыртқы саясат және инвестициялар.

1 кезең. http://pkrezerv.gov.kz/ порталында құжаттар қабылдау (1-30 маусым);

2 кезең. Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау (2-10 тамыз);

3 кезең. Ситуациялық тапсырмаларды шешу (16-17 тамыз);

4 кезең. «Құзыреттерді бағалау» кезеңі (22 тамыз - 28 қыркүйек);

5 кезең. «Сарапшылық комиссияда әңгімелесу» кезеңі (8-15 қазан);

6 кезең. Ұлттық комиссияның отырысы (25 қазанға дейін).

Үміткерлерге қойылатын талаптар мен іріктеу кезеңдері туралы барлық мәліметтер http://pkrezerv.gov.kz/ порталында қолжетімді. Тіркелу барысында кандидат сұрақтар туындаған жағдайда порталдағы Jivo чат немесе +7 700 096 70 74 нөмірі бойынша қолдау қызметіне, сондай-ақ электронды поштасына жүгіне алады.

Ақмола облысында Президенттік жастар кадр резервіне төртінші іріктеудің таныстырылымы өтті. Бұл бастама Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен жүзеге асып келеді және мемлекеттік басқару жүйесіне дарынды, бастамашыл әрі жаңаша ойлайтын жастарды тартуға бағытталған.

Бұған дейін 2019, 2021 және 2023 жылдары үш іріктеу кезеңі өткізілген болатын. Аталған іріктеулерге 60 мыңнан астам азамат қатысуға ниет білдіріп, олардың ішінен 400 үміткер Президенттік резервке қабылданды. Қазіргі таңда олардың 318-і немесе 80 пайызы мемлекеттік органдар мен түрлі ұйымдарда еңбек етуде.

«2025 жылы кезекті төртінші іріктеу өткізу жоспарланып отыр. Бұл жолы үміткерлер 6 салалық бағыт бойынша бағаланады: әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам, агроөнеркәсіптік кешен мен қоршаған ортаны қорғау, цифрландыру, инфрақұрылым мен өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты, экономикалық және қаржылық саясат, сыртқы саясат және инвестициялар», деді спикер.

Іріктеуге қатысу үшін үміткерлердің жасы 35-тен аспауы, жоғары білімі, кемінде 5 жыл еңбек өтілі және мемлекеттік тілді B1 деңгейінен төмен емес деңгейде меңгеруі қажет. Сонымен қатар, іріктеуге Президент тағайындаған тұлғалар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік қызметшілері және қазіргі резерв мүшелері қатыса алмайды.

Іріктеу 6 кезеңнен тұрады және маусым мен қазан айлары аралығында өткізіледі. Нәтижесінде 50 үздік кандидат резервке қабылданып, олар үш жыл ішінде конкурстан тыс мемлекеттік лауазымдарға тағайындалуға мүмкіндік алады.

Құжат қабылдау 2025 жылғы 1–30 маусым аралығында pkrezerv.gov.kz порталында онлайн форматта жүргізіледі. Барлық қажетті мәліметтер мен талаптар осы сайтта орналастырылған. Қосымша сұрақтар бойынша +7 700 096 70 74 нөміріне немесе info@pkrezrv.gov.kz электронды поштасына хабарласуға болады.

Жас буынды мемлекеттік қызметке тарту – кәсіби әрі жаңашыл кадрлар корпусын қалыптастырудың маңызды қадамы.

**Думан Әбілев, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы**

ТАНЫМ

# РУХАНИ ЖОЛДАҒЫ ДҰРЫС ТАҢДАУ

## ШЕТЕЛДІК КҮМӘНДІ ДІНИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАУПІ МЕН ОТАНДЫҚ МҮМКІНДІКТЕР ТУРАЛЫ

Қай заманда да адам баласы өмірдің мәнін, ақиқат жолын іздеген. Жүрекке иман ұялататын, сананы нұрландыратын сол бір ізденістің бірі – дінді тану, рухани білім алу. Алайда дін жолы – нәзік жол, ал білім – тереңдік пен байыптылықты талап ететін күрделі әлем. Сондықтан бұл жолда әрбір қадам – салмақты, әрбір таңдау – саналы болуы керек.




Қазіргі қоғамда жастардың діни білімге деген қызығушылығы артып келеді. Бұл – олардың рухани ізденіске бет бұрып, имандылыққа ұмтылуының көрінісі. Дегенмен, бұл бағыттағы таңдаудың маңызы ерекше. Себебі дін де, білім де – жүйе мен тәртіпке негізделген қасиетті салалар. Оларды кездейсоқтықпен таңдауға болмайды.

Соңғы жылдары кейбір жастарымыз діни білім іздеп, шетелге – Таяу Шығыс, Оңтүстік Азия, Солтүстік Африка елдеріндегі белгісіз діни оқу орындарына барып жатқаны байқалуда. Өкінішке қарай, бұл оқу орындарының барлығы бірдей сенімді, заңды немесе қауіпсіз емес.

Көп жағдайда олар жергілікті билік тарапынан тіркелмеген, оқыту бағдарламасы радикалды идеологияны насихаттауға бейім келеді. Мұндай бақылаусыз, бейресми оқу орындарынан алған білім жастардың ой-санасына кері әсерін тигізіп, психологиялық тұрақтылығын бұзуы мүмкін. Бұл жастар отбасынан, қоғамнан оқшауланып, тіпті заңға қайшы әрекеттерге баруы ықтимал. Діни радикализм мен экстремизмнің таралуы – көбінесе осындай білім ошақтарынан басталады. Сондықтан бұл – ата-аналар мен жастар үшін аса маңызды ескерту.

Осындай қауіп-қатерлерден сақтану үшін ең алдымен, жастар еліміздегі ресми, лицензияланған діни білім беру мекемелерін таңдауы керек. Қазіргі таңда Қазақстанда халықаралық деңгейде мойындалған оқу орындары жұмыс істейді. Солардың бірі – Алматы қаласындағы «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті.

Аталған университетте исламтану, дінтану, араб тілі сияқты мамандықтар бойынша кәсіби білім беріледі. Мұнда отандық және шетелдік білікті ғалымдар дәріс оқиды, оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрлігімен бекітілген.

Сонымен қатар еліміздің барлық өңірлерінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты медресе-колледждер мен мешіт жанындағы сауат ашу курстары жұмыс істейді. Биыл Ақмола облысында да бірқатар жаңа діни білім беру мекемелері ашылып, исламтану, Құран оқу, араб тілі пәндері оқытылуда. Мұндай оқу орындары заң аясында жұмыс істеп, жастарды дәстүрлі рухани және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелейді.

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Дегенмен, әрбір азаматтың дін ұстану еркіндігі Конституциямен кепілдендірілген. Бұл бостандық – тәртіппен, заңмен және ұлттық қауіпсіздік талаптарымен үндесуі тиіс.

Мемлекет тарапынан діни білім алуға барлық жағдай жасалып отыр. Ендеше, жастар мен олардың ата-аналары дұрыс әрі сенімді бағытты таңдап, еліміздегі мүмкіндіктерді бағалауы қажет.

Бұл мәселеге ел басшылығы мен діни жетекшілер де ерекше көңіл аударып келеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Жастарымыздың діни білім алуына барлық жағдай жасалуы керек. Бірақ оларды теріс ағымдардан қорғау үшін тек ресми, лицензияланған оқу орындарына бару керек», десе, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы: «Жастарымызды жат ағымдардан сақтандыру үшін діни білім мен тәрбие беру маңызды. Бұл бағытта медресе-колледждер мен мешіт жанындағы сауат ашу курстарының рөлі зор», деген болатын.

Қорыта айтқанда, діни білім – рухани тереңдіктің, жауапкершілік пен парасаттың жолы. Бұл жолда жасалған саналы таңдау – болашақтың кепілі.

Дін – жүрек ісі болса, білім – ақыл ісі. Ал осы екеуін ұштастыра білген адам өмірде адаспайды.

**А.Нұрғалиева,**
**Ақмола облысы Дін істері басқармасы «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ маманы**

ЕСКЕРЕ ЖҮРІҢІЗ!

Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының әл-ауқатына, балаларымыздың жарқын болашағына және тұтастай алғанда елдің дамуына қауіп төндіреді. Заң бойынша кез келген адам осы зұлымдыққа қарсы тұруға белсенді қатысуға құқылы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам мемлекеттің қорғауында болады («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның 24-бабының 3-тармағы). Мұндай адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады.

# ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ҮШІН ҚАЙДА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

Егер сіз сыбайлас жемқорлықтың куәгері немесе құрбаны болдым деп ойласаңыз, бұл туралы келесі жолдардың бірімен хабарлауға болады:

• 1424 тегін нөмірі бойынша ұялы немесе стационарлық телефоннан сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Call-орталығына қоңырау шалу, оның консультанттары одан әрі қадамдар туралы толық түсіндірме береді не сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесу үшін жедел ден қоюды қамтамасыз етеді.

• Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 010000, Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 37 мекенжайы бойынша немесе Агенттіктің тұрғылықты (болған) жері бойынша аумақтық департаменттеріне жазбаша түрде жүгіну.

• egov.kz электронды үкімет порталының онлайн-сервисі арқылы өтініш жіберу (электронды цифрлық қолтаңба – ЭЦҚ болуы қажет).

• Агенттік төрағасының блогына «Ашық диалог» сайтында немесе агенттік сайтында жазыңыз.

• Агенттіктің электрондық поштасына жазыңыз – kense@antikor.gov.kz.

**З. Сәлімова,**
**Қосшы қ. тұрғындар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жобаның үйлестірушісі**

РУХАНИЯТ

Биыл қазақтың ұлы ғалымы, біртуар перзенті Шоқан Уалихановтың 190 жылдығы. Осынау мерейлі жылға байланысты, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде ғалымдардың, мәдениет саласы қызметкерлерінің қатысуымен тағылымды дөңгелек үстел өтті. Бұл жиында біз Шоқан тағдырына байланысты бір аңызға тоқталып, оның Омбы қаласындағы бүгінгі көрінісі жайында баяндама жасадық.



**Қайырбек КЕМЕҢГЕР,**
**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ**
**Қазақ әдебиеті кафедрасының**
**қауымдастырылған профессоры,**
**филология ғылымдарының кандидаты**

# ШОҚАН МЕН ЛЮБА

2009 жылғы қазан айының 1 жұлдызында Омбыдағы Мемлекеттік музыкалық театр 63-ші маусымын дәстүрге айналған «Любина роща» атты екі қойылымды музыкалық мелодрамамен ашты. Дәстүрге айналған деуіміздің себебі, бұл спектакль театр сахнасында тура он жыл бұрын қойылған. Яғни, 1999 жылдан бері Омбыдағы Мемлекеттік театр өз шымылдығын «Любина роща» спектаклімен бастайды екен.

Қойылымның біз үшін қымбат болған жері – онда ұлтымыздың біртуар перзенті, ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың өмірі баяндалды. Драманың қоюшы режиссері Минск қаласынан келген Борис Лагода, авторы – Ресейдің халық әртісі, Омбы облысы Губернаторы сыйлығының лауреаты Георгий Котов. Котов қойылымдағы басты рөлдердің бірі – Батыс Сібір Генерал-Губернаторы Гасфорт Густаф Христиановичтің кейпін де сомдады. Музыкалық драмада Шоқан бейнесін Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, Омбы облысы Губернаторы сыйлығының, Халықаралық вокалистер конкурсының, Бүкілресейлік оперетта конкурсының лауреаты А.Хмыров ойнады. Шоқанның жәесі Айғанымды Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, «Достық» орденінің иегері О.Бржезинская бейнеледі.



Драма оқиғасына губернияның 1852 жылғы өмірі арқау болады. Аңыз бойынша, Омбы Кадет корпусының шәкірті, қатарластарынан асып туған ақсүйек Шоқан Уәлиханов Генерал-Губернатор Гасфорттың сұлу келіншегінің көзіне түседі. Тәрбие көрген талдырмаш Люба күйеуінен отыз жастай кіші. Оның алдында ұятты болмауға, ар мен намысын таптатпауға тырысады. Алайда шарасынан тасыған ыстық сезім, ессіз жүрек ырқына қоймайды. Ақыры Люба Шоқанды Генерал-Губернатордың үйіне аудармашылыққа алдыртады. Оқыған, сұлу әрі мәдениетті Любаның ажары аз уақыттың ішінде Шоқанды да баурап алады. Отпен ойнағанын сезінсе де, жас жүрегін билей алмаған Шоқан Любаға ғашық екенін айтады. Және ол мұндай ыстық сезімге өмірінде бірінші рет душар болғанын, ғашықтық дертіне алғаш шалдыққанын жеткізеді. Бұл жағдайды көп ұзамай Генерал Гасфорт біліп қойып, Шоқанды алыс сапарға, әйелін төркініне жібертеді. Көптен бері денсаулығының ақаулығы бар Люба құсадан қайтыс болады. Люба өмірден өтер алдында күйеуінен кешірім сұрайды да, Шоқанның қолында көз жұмады. Драма соңында сахна сыртындағы дауыс Шоқан мен Люба арасындағы махаббат дәл осы күйінде болды ма, болмады ма, ол жағын айта алмаймыз дейді.

Біздің түйгеніміз, ғажап қойылымда адамдар арасындағы ең ұлы сезім – махаббатқа мадақ айтылады. Сол нәзік сезім Шоқан мен Люба арасында көркем бейнеленеді. Люба қанша жерден Шоқанға ғашық болса да, өзінің некелі жарына адалдығын сақтап өткен адал әйел күйінде қалады. Оның өлер алдында некелі жарынан кешірім сұрағанынан біз Любаның тәубеге келгенін, тәрбие көргенін түсіндік, ал Генерал Гасфорттың әрекетінен ақылға бой алдырған абзал азаматтың сабырлығын білдік. Драмадағы Шоқан, шын мәнінде, көп кадеттің ішіндегі ең үздігі. Ақылы, сыртқы сымбаты, білегені, таланты мен білімі жағынан басқалардан озық тұрады. Сонымен қатар, пьесада Шоқан ғашықтық сезімімен арпалысады, ішкі күйзеліске түсіп, жас жүрегін қоярға жан таппай қиналады. Шоқанның қиналуы, ауыр қасірет көруі, әжесі Айғанымға шындықты айтуы, сол үшін жапа шегуі мұңлы опералық әндер арқылы беріледі. Әсерді күшейтетін лирикалық шегіністер, ғажайып музыка, керемет декорация орын-орынымен өрбіп отырады. Екі жарым сағатқа созылған қойылым қазақтың асыл перзентіне деген үлкен құрметті, ілтипатты байқатады.

Аңыз бойынша, Омбы Кадет корпусының шәкірті, қатарластарынан асып туған ақсүйек Шоқан Уәлиханов Генерал-Губернатор Гасфорттың сұлу келіншегінің көзіне түседі. Тәрбие көрген талдырмаш Люба күйеуінен отыз жастай кіші. Оның алдында ұятты болмауға, ар мен намысын таптатпауға тырысады. Алайда шарасынан тасыған ыстық сезім, ессіз жүрек ырқына қоймайды.

Тамаша қойылымның қысқаша мазмұны осындай. Айтылған әңгіменің сыртында Омбы қаласының тарихы, Шоқан дәуіріндегі қала өмірі, сол заманның айшығын жеткізетін керемет көріністер, империяның саяси-әлеуметтік жағдайынан хабар беретін шегіністер, орыс халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы әдемі өрнектеледі. Жалпы, «Любина роща» спектакліне сексенге жуық әртіс қатысып, шырқалған барлық әндерді төменде жайғасқан аспаптар оркестрі сүйемелдеп отырды. Мыңға жуық көрерменге толған театр залының жартысында қаракөз қазақ ағайынның отырғаны бізді қатты қуантты. Олар қойылымды қайта-қайта шапалақтап үзіп, әртістерге ыстық ықыласын білдірді. Қандастарымыздың көбі көзіне жас алып, спектакльден үлкен тебіреніспен шықты. Театрдың бір бөлігін біркелкі форма киген Шоқан оқыған Омбы Кадет корпусының бүгінгі шәкірттері толтырды.

Аталған қойылымды арнайы тамашалауға Қазақ елінен бір топ өнерсүйер қауым, ғалымдар барды. Олардың құрамында “Шоқан жолдарымен” қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, философия ғылымдарының докторы Раушан Кошенова да болды. Қойылымнан кейін Раушан Нұрханқызы сахна төріне шығып, театр ұжымы мен әртістерге қазақ халқының атынан алғыс айтты. Ұлттық дәстүрімізге сай Шоқан мен Люба рөлдерінде ойнаған әртістердің иығына шапан мен қамзол жапты.

Қазақ халқының тарихында айтулы ізі бар Омбы қаласының бүгінгі орталығында сол Кадет корпусы әлі орналасқан. Оның қасындағы Ертіске апаратын көшеге Шоқан аты берілген және соның бойына қазақ ғалымына ескерткіш қойылған. Бұл ескерткіштің 2004 жылы ашылуына қазақтың қайсар рухты азаматы, меценат, қоғам қайраткері Қуат Есімханов (1952-2022) себеп болды. Шоқан ескерткішінен алыс емес жерде Любаға да ескерткіш орнатылған. Сондай-ақ Любаның есімімен қалада жеке даңғыл және тоғай аталады. Шоқан мен Любаның мүсіндері бөлек тұр. Театрдағы кейіпкерлер де шығарма соңында қосылмайды. Өнер туындыларында осындай түйін шығарылған. Ал шын өмірде қалай болғаны бір Құдайға ғана аян. Асыл текті, бекзат болмысты, білімді, мәдениетті Шоқанға Батыс Сібір Генерал-Губернаторы Гасфорттың жас сұлу әйелі ғашық болмаса, бұл өнер туындылары бүгін қайдан келді дей аламыз. Өнер өмірден алынатын шындық. Ендеше аңыз астарында ақиқат та барын мойындаймыз. Қайткенде де, қазақтың асыл текті біртуар перзентіне қошемет пен құрмет көрсеткен омбылық жұртшылыққа ризашылық білдіреміз.



СОЦИАЛЬНЫЕ ИНИЦИАТИВЫ

# ГОСУДАРСТВО ДОВЕРЯЕТ – ЖИТЕЛИ СОЗДАЮТ

В Косшы продолжается реализация социально значимых инициатив, направленных на поддержку граждан и развитие предпринимательского потенциала региона. Одним из значимых шагов в этом направлении стало проведение заседания комиссии по рассмотрению заявок на получение государственных грантов, организованное Карьерным центром города.



Фото из открытых источников

Мероприятие стало не просто очередным этапом административной работы, а живым отражением практической реализации положений Дорожной карты предвыборной программы партии «AMANAT». Оно продемонстрировало системный подход к решению задач занятости населения, стимулирования деловой активности и создания условий для устойчивого роста малого и среднего бизнеса – ключевых приоритетов государственной политики.

Заседание комиссии собрало людей с разными идеями, но с единым устремлением – реализовать себя через труд и созидание. На повестке дня стоял по-настоящему значимый вопрос – рассмотрение заявок от граждан, представивших авторские и амбициозные бизнес-проекты. Это были инициативы, охватывающие широкий спектр сфер – от повседневных услуг до социальных программ. Все они объединялись внутренним импульсом: стремлением улучшить не только свою жизнь, но и повлиять на развитие родного города.

Такое многообразие подходов потребовало вдумчивой, профессиональной работы комиссии. Члены экспертной группы тщательно изучали каждую заявку, анализировали её реалистичность, жизнеспособность и соответствие потребностям местного сообщества. Особое внимание уделялось проектам, способным стать катализаторами позитивных изменений: создать рабочие места, вовлечь в предпринимательство молодёжь, женщин, представителей социально уязвимых категорий. Тем самым обсуждение проектов превратилось в осознанный выбор стратегий развития города.

Подобный акцент на человеческий и экономический потенциал полностью соответствует стратегическим задачам, обозначенным на уровне государственной политики. Предоставление грантов воспринимается не как разовая финансовая мера, а как инструмент более широкого действия – стимулирование инициативы, раскрытие потенциала жителей и укрепление доверия между обществом и государством. В этом процессе предпринимательство становится не только экономической категорией, но и способом личной самореализации, укрепления социальной ответственности и развития активного гражданского участия.

Таким образом, каждый утверждённый проект – живая история человека, стремящегося изменить к лучшему своё будущее и внести вклад в общее дело. Грантовая поддержка даёт таким людям шанс воплотить задуманное, превратить идею в реальность, а замысел – в устойчивое дело. Малый и средний бизнес, получив подобный импульс, становится неотъемлемой частью регионального роста, источником новых решений и точкой опоры для социальной стабильности.

По завершению данного этапа мы поделимся подробностями: как проходил процесс отбора, какие проекты были поддержаны и каким будет их путь от концепции к реализации. Ведь за каждым грантом – судьбы, усилия и вера в перемены. А вместе с тем – уверенный шаг навстречу процветающему будущему Косшы.

НАЛОГОВАЯ ПОЛИТИКА

# ЦИФРОВОЙ КОНТРОЛЬ В ВАШИХ РУКАХ

**Қосшы – молодой и стремительно развивающийся город Акмолинской области, демонстрирующий стабильный рост как в социальной, так и в экономической сферах. Расширение малого и среднего бизнеса, увеличение числа торговых объектов и активное жилищное строительство формируют новые требования к уровню финансовой прозрачности и налоговой дисциплины. В современных реалиях именно ответственность каждого гражданина и предпринимателя за соблюдение налогового законодательства становится важнейшим условием устойчивого развития города.**



Фото из открытых источников

На этом фоне особую значимость приобретает системная работа по формированию правовой культуры и налоговой грамотности среди населения. Управление государственных доходов по городу Қосшы последовательно реализует мероприятия, направленные на вовлечение горожан в процессы общественного контроля и укрепление доверия к налоговой системе. Одним из эффективных инструментов стали разъяснительные кампании, охватывающие широкий круг вопросов – от выдачи фискальных чеков до использования цифровых сервисов.

С учётом курса на цифровизацию экономики и модернизацию налоговой политики Казахстана акцент делается не только на совершенствование законодательства, но и на развитие механизмов гражданской вовлечённости. Государство стремится выстроить такую систему, в которой каждый человек осознаёт свою роль в обеспечении финансовой прозрачности. Именно поэтому в городе Қосшы сотрудники УГД провели общественно-просветительское мероприятие в рамках республиканских акций «Требуй чек – выиграй приз!» и «Бэйге», направленное на повышение осознанного участия населения в построении справедливой экономической среды.

### ДОСТУПНО И ПОНЯТНО

Информационно-просветительская работа охватила самые оживлённые и посещаемые места города. Сотрудники отдела по работе с налогоплательщиками выстраивали живое взаимодействие с гражданами, объясняя значение фискальных чеков и необходимость их обязательного получения при каждой покупке.

В приоритете – доступность и понятность. Жителям были розданы десятки тематических листовок, составленных простым, разговорным языком без перегрузки юридическими терминами, что позволило привлечь внимание самых разных слоёв населения – от пенсионеров до подростков и предпринимателей. Такой подход значительно расширил охват аудитории и повысил реальную вовлечённость горожан.

Ключевую роль сыграло живое общение. Специалисты УГД работали по принципу «не просто информировать, а разъяснять», отвечая на вопросы о функционале приложения "Amian" и разъясняя последствия невыдачи чеков со стороны продавцов. Особое внимание уделялось пожилым людям, молодым семьям, начинающим бизнесменам – тем, для кого такие встречи стали возможностью получить квалифицированную помощь в доступной и доброжелательной форме.

– Формирование налоговой культуры – не разовая кампания, а основа развития честной экономики. Мы стремимся, чтобы каждый житель осознавал свою ответственность перед обществом и знал: соблюдение закона начинается с простого действия – требования чека, – подчёркивают специалисты УГД.

Такая модель взаимодействия стала одним из важнейших факторов успеха проводимых акций. Горожане с готовностью вступали в диалог, делились мнением и интересовались цифровыми инструментами. Это наглядно показало, что грамотная подача информации делает даже сложные налоговые темы интересными и понятными широкой аудитории.

### ПРОСТОЙ ИНСТРУМЕНТ ДЛЯ ПРОЗРАЧНОСТИ

Одной из ключевых тем разъяснительной работы стало продвижение мобильного приложения «Amian», разработанного Комитетом государственных доходов РК. Благодаря интуитивно понятному интерфейсу оно делает процесс проверки чеков быстрым и удобным, вовлекая граждан в антикоррупционную повестку.

Через «Amian» можно в несколько касаний сканировать чек, проверить его подлинность, участвовать в розыгрышах и отслеживать личную статистику. Такое цифровое решение превращает соблюдение налоговой дисциплины в элемент повседневного поведения, формируя привычку ответственности и уважения к закону. Особенно актуально это для борьбы с теневой экономикой, подрывающей основы честного предпринимательства и справедливого распределения ресурсов.

По данным КГД РК, в рамках проекта «Salyq кэшбэк» в Акмолинской области фиксируется устойчивая положительная динамика. Только за первый квартал 2025 года количество отсканированных чеков выросло более чем на 38 % по сравнению с аналогичным периодом прошлого года, а число пользователей "Amian" превысило 27 тысяч человек. Таков результат растущего доверия к цифровым сервисам и осознания их пользы, особенно в таких прогрессивных городах, как Қосшы.

– Проверить чек – дело 10 секунд. Установил приложение, сканирую покупки – удобно и понятно. Чувствуешь, что участвуешь в чём-то важном. Есть ощущение, что твои действия имеют значение, – делится житель города Ануар.

Фискальный чек – не просто бумажный документ. За ним стоит система, обеспечивающая законность, финансовую прозрачность и наполнение бюджета, из которого финансируются школы, больницы, дороги, социальные программы. Отказ продавца выдать чек – это не только нарушение закона, но и прямое ущемление прав покупателя.

Изменение мышления – один из главных результатов акций. То, что раньше воспринималось как формальность, сегодня становится нормой повседневной жизни. Всё больше жителей проявляют сознательность и требуют чек не из страха, а из принципа.

– Раньше просто уходила с покупкой. А сейчас всегда прошу чек. Пусть все платят налоги — это честно, – делится пенсионерка Раушан апа.

Подобные мнения звучат всё чаще, особенно после участия в акциях «Требуй чек – выиграй приз!» и «Бэйге», где каждый мог почувствовать свою значимость и влияние.

Эти республиканские инициативы служат не только информационной цели, но и становятся действенным инструментом гражданского воспитания. Они формируют культуру законопослушания и прививают чувство ответственности за экономическое будущее страны. Особенно активными участниками становятся молодёжь, семьи с детьми и работающие граждане – именно те, кто будет определять завтрашний день Казахстана.

Полосу подготовила *Жанар* **АХМЕТОВА**

О ЗДОРОВЬЕ С ПРОФЕССИОНАЛОМ

# СЕРДЦЕ ТРЕБУЕТ ЗАБОТЫ КАЖДЫЙ ДЕНЬ

## ИНТЕРВЬЮ С КАРДИОЛОГОМ РАУАН ЖАППАСБАЕВОЙ

В круговороте будней, среди суеты, дедлайнов и нескончаемых задач, здоровье зачастую уходит на второй план. Мы заботимся о работе, близких, социальных сетях, но забываем о том, что держит нас на плаву в самом прямом смысле – о сердце. Этот мускулистый орган трудится без выходных, не зная усталости, чтобы подарить нам ещё один день, ещё один вдох, ещё один шаг навстречу жизни. Он не жалуется, не требует особого внимания, но однажды может молча сдаться, и тогда, увы, время уже играет против нас.

На фоне такой тревожной картины особенно важны знания и советы специалистов, чьё призвание – лечить, предупреждать, спасать. Мы побеседовали с врачом-кардиологом поликлиники №1 города Косшы, Рауан Жаппасбаевой, чей профессионализм и искреннее участие помогают многим пациентам сохранить самое ценное – здоровье и надежду.



**– Рауан Сериковна, почему сердечно-сосудистые заболевания сегодня так широко распространены?**

– За последние десятилетия мир стремительно изменился: технологии развиваются, ритм жизни ускоряется, а вот здоровье человека, к сожалению, не поспевает за этими переменами. Мы ведём малоподвижный образ жизни – офисная работа, гаджеты, транспорт вытесняют естественные формы активности. Питание стало быстрым, но некачественным. Люди чаще тянутся к удобному, чем к полезному. А ведь сердце тонко реагирует на всё: на лишние килограммы, на бессонные ночи, на затяжной стресс. Оно словно индикатор – страдает первым, когда организм истощён.

Особенно настораживает то, что с тяжёлыми формами болезней к нам всё чаще приходят молодые люди – 30–35 лет. Для врача это тревожный сигнал, ведь ещё недавно такие диагнозы были редкостью в этом возрасте. Теперь это – обыденность. Причины лежат на поверхности, но борьба с ними требует дисциплины и осознанности.

**– Какие патологии чаще всего диагностируются у ваших пациентов?**

– На первом месте – ишемическая болезнь сердца. Это состояние, при котором нарушается снабжение сердечной мышцы кислородом и питательными веществами из-за сужения коронарных сосудов. Как правило, всё начинается незаметно: лёгкая боль в груди, слабость. Но за этой «мелочью» может скрываться угроза инфаркта. И когда миокард уже начинает отмирать – счёт идёт на минуты.

Немалую угрозу несёт и гипертония. Повышенное артериальное давление – один из самых коварных врагов. Люди живут с ним годами, считая головную боль, усталость и раздражительность нормой. Тем временем сердце трудится с перегрузкой, его стенки утолщаются, теряется эластичность сосудов. Постепенно это приводит к серьёзным последствиям: сердечной недостаточности, инсульту, нарушению ритма.

Аритмии же – словно тень на воде. Они могут проявляться внезапно и хаотично, от лёгких перебоев до тяжёлых форм, способных вызвать тромбообразование и угрожать жизни. Особенно важно вовремя выявлять нарушения ритма у людей с уже имеющимися сердечными проблемами.

**– Какую роль играет наследственность?**

– Наследственность, безусловно, оставляет след. В медицинской практике мы всегда обращаем внимание на семейный анамнез. Если у родителей или близких родственников были случаи инфарктов, инсультов, гипертонии, риск для потомков существенно возрастает. Однако природа редко действует в одиночку. Генетика лишь задаёт направление, но дальнейший путь человек определяет сам – через выбор питания, привычек, образа жизни.

Сейчас науке известно множество генетических мутаций, влияющих на работу сердца. Например, изменения в генах ApoE и PCSK9 повышают уровень «плохого» холестерина, а мутации в SCN5A связаны с нарушениями ритма. Но важно понимать: это не приговор. Чёткая профилактика, регулярные обследования, здоровый образ жизни – и можно избежать большинства проблем.

**– Какие сигналы подаёт нам сердце, когда с ним не всё в порядке?**



– Сердце, хоть и работает в тишине, умеет говорить – главное, уметь его услышать. Многие симптомы кажутся незначительными: утомляемость, легкая одышка при подъёме по лестнице, перебои в ритме, ощущение тяжести в груди. Иногда появляются тревожность, потливость, даже небольшие отёки, особенно в вечерние часы. Всё это – просьбы организма о помощи, которые нельзя игнорировать.

Наиболее тревожный симптом – боль в груди, особенно если она иррадиирует в левую руку, шею, челюсть. При таких признаках важно не терять времени – обращаться за медицинской помощью необходимо немедленно. Помните: лучше перестраховаться, чем упустить момент.

**– Рауан Сериковна, каковы современные возможности диагностики?**

– Сегодня у нас в арсенале широкий спектр методов. Электрокардиограмма (ЭКГ) позволяет выявить даже малейшие отклонения в ритме, а ультразвуковое исследование сердца (эхокардиография) даёт полное представление о структуре и функции сердца. Анализы крови дают сведения об уровнях холестерина, глюкозы, ферментов. А при подозрении на ишемию может назначаться коронарография – метод, позволяющий буквально «заглянуть» в сосуды сердца.

Особенность современной диагностики – не только точность, но и доступность. При желании и ответственности пациента – обнаружить болезнь на ранней стадии сегодня вполне реально.

**– Какие шаги стоит предпринять для профилактики?**

– Всё начинается с повседневных мелочей. Рациональное питание, активность, полноценный сон и эмоциональное равновесие – четыре кита, на которых держится здоровье сердца. Не стоит недооценивать простые вещи: прогулки на свежем воздухе, отказ от переедания, контроль за весом. Даже отказ от лифта в пользу лестницы может стать шагом к лучшему самочувствию.

Никотин и алкоголь – враги сердца. Курение сужает сосуды, ускоряет старение организма. Алкоголь, особенно в больших дозах, нарушает сердечный ритм и повышает давление. Поэтому отказ от этих привычек – не просто рекомендация, а необходимость.

**– Насколько эффективны доступные методы лечения?**

– Современные лекарства действительно творят чудеса, особенно если назначены вовремя. Препараты снижают давление, разжижают кровь, укрепляют стенки сосудов, нормализуют сердечный ритм. При необходимости применяются инвазивные методы: установка стентов, баллонная ангиопластика, шунтирование. Всё это направлено на восстановление нормального кровотока и предотвращение тяжёлых осложнений.

Медицина не стоит на месте – каждый год появляются новые схемы терапии, улучшаются препараты, сокращаются сроки восстановления. Главное – не запустить болезнь до тех пор, когда вмешательство станет единственным шансом.

**– Что вы хотели бы сказать читателям в завершение?**

– Сердце – наш самый надёжный спутник. Оно неустанно работает в фоновом режиме, обеспечивая жизнь. Позаботьтесь о нём. Слушайте своё тело, не откладывайте заботу о здоровье на потом. Пусть профилактика войдёт в привычку, а медицинские осмотры станут регулярными, как визит в магазин или поездка на работу.

Беречь сердце – значит беречь саму жизнь. Ведь только в здоровом теле, наполненном энергией, могут рождаться мечты, поступки, любовь и радость.

**– Спасибо, Рауан Сериковна, за содержательные ответы, профессиональные рекомендации и искреннюю заботу о пациентах. Пользуясь случаем, поздравляем вас и всех ваших коллег с Днём медицинского работника!**

**Пусть ваш нелёгкий, но благородный труд всегда сопровождается уважением, благодарностью и теплом человеческих сердец.**

*P.S. Разговор с врачом-кардиологом Рауан Жаппасбаевой оставил глубокое и неизгладимое впечатление. В её спокойной, уверенной речи ощущается не только профессиональная выверенность и медицинская точность, но и подлинная человечность, внутренняя чуткость — та самая духовная теплота, которой наделён не каждый, но без которой невозможно быть настоящим врачом. Её слова словно прорастают сквозь рутину будней, заставляя остановиться, оглянуться, прислушаться – прежде всего, к себе, к своему сердцу.*

*В суете дней, под гнётом вечных дел и срочных задач, мы порой забываем о себе самом. Мы откладываем заботу о теле и душе «на потом», не замечая, как организм посылает нам тихие, но настойчивые сигналы. А сердце – верный спутник всей жизни – трудится, не зная отдыха, в каждую минуту нашего бытия. Оно не требует многого, всего лишь внимания, благодарности и немного заботы.*

*Давайте не будем равнодушными к собственному благополучию. Пусть визит к врачу перестанет быть тревожной необходимостью и станет мудрым, зрелым шагом навстречу себе. Ведь здоровье – не временная удача, а результат каждодневного выбора. Сильное, выносливое сердце – не просто условие долгой жизни, но и её полноты, гармонии, способности радоваться каждому дню.*

*Забота о себе – это проявление любви. Любви к жизни.*

Полосу подготовила **Жанар АХМЕТОВА**

ПРОФЕССИЯ – СЛУЖИТЬ ЗАКОНУ

Есть профессии, где цена ошибки слишком высока, где внимательность, терпение и преданность делу становятся не просто качествами, а смыслом ежедневной работы. Одна из таких профессий – криминалист. Внимательный взгляд, умение заметить незаметное, логически выстроить цепочку из разрозненных фактов – всё необходимо, чтобы раскрыть правду, которая часто скрыта за завесой молчания и лжи.



Фотографии предоставлены героем публикации

# Мадияр АЙТЖАНОВ: «В НАШЕЙ РАБОТЕ ВАЖНА КАЖДАЯ МЕЛОЧЬ»



Фотографии предоставлены героем публикации

Капитан полиции Мадияр Айтжанов уже пять лет стоит на страже правопорядка в отделе полиции города Косшы, исполняя обязанности криминалиста. С момента основания полиции как отдельного строевого подразделения в этом городе он трудится на одной и той же должности – с преданностью и достоинством.

Родился Мадияр 19 февраля 1995 года в Жаркаинском районе Акмолинской области. С юных лет мечтал служить в органах внутренних дел, хотя в его семье не было ни одного полицейского. Это было осознанное, внутренне выстраданное решение. Родители поддержали выбор сына, и в 2013 году он стал курсантом Карагандинской академии МВД Республики Казахстан имени Б. Бейсенова. Учёба в академии стала для него настоящей школой становления – не только как специалиста, но и как человека, готового нести ответственность перед обществом.

По окончании учебы в 2017 году молодой специалист начал службу криминалистом в оперативно-криминалистическом отделе Управления полиции города Кокшетау. Именно здесь он получил свой первый опыт работы с вещественными доказательствами, научился применять теорию на практике, овладел криминалистической техникой. С первых дней показал себя как специалист с аналитическим складом ума, дотошный, внимательный и по-настоящему увлечённый своим делом.

В августе 2019 года, стремясь углубить свои знания в области юриспруденции и криминалистики, Мадияр поступил в магистратуру Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан по направлению научно-педагогической деятельности. В 2021 году он успешно защитил магистерскую диссертацию на тему: «Проблемы применения эндоскопического оборудования в ходе раскрытия и расследования преступлений». Его научная работа была высоко оценена специалистами и стала практическим вкладом в развитие криминалистических методов.

За годы службы Мадияр Айтжанов получил множество поощрений и благодарственных писем от руководства Министерства внутренних дел и Департамента полиции Акмолинской области. Он обладает тремя официальными свидетельствами (допусками) на проведение криминалистических исследований, что свидетельствует о его высокой профессиональной подготовке. Кроме того, им опубликованы четыре научные статьи в международных сборниках, освещающие актуальные проблемы криминалистики и практического правоприменения.

– В нашей работе важна каждая мелочь. Криминалистика – это своего рода искусство: видеть то, что другим не видно, слышать то, что не произнесено, и расшифровывать язык улик, кажущихся немыми. Бывает, одна-единственная деталь – еле заметный отпечаток или мельчайший фрагмент ткани – становится ключом ко всей картине преступления. Чтобы служить в этой сфере, необходимы не только техническое мастерство, но и глубокое внутреннее понимание, интуиция, эмоциональная сдержанность и искренняя любовь к делу. Улика говорит только тем, кто умеет её слушать.

В коллективе его уважают и ценят. Коллеги отмечают не только высокий уровень профессионализма, но и доброжелательность, скромность, готовность прийти на помощь в трудную минуту.

– Он действительно один из тех, кто искренне болеет за общее дело. Мы не раз убеждались, как его внимательность к мельчайшим деталям становилась ключом к раскрытию преступлений. Молодые сотрудники тянутся к нему – Мадияр умеет объяснить, показать, научить. Причём делает не свысока, а как старший товарищ, с уважением и тактом. Это вызывает доверие и желание расти рядом с таким человеком, – рассказывают коллеги.

Сегодня капитан полиции Мадияр Айтжанов – не просто специалист-криминалист. Он представляет новое поколение сотрудников правоохранительных органов: образованных, увлечённых, принципиальных. Каждый день он с честью выполняет свой долг, демонстрируя, насколько значима роль профессионального и нравственного подхода в службе.

ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ

# СЕМЬЯ В СЛОВАХ И СЕРДЦАХ

В городе Косшы завершился онлайн-конкурс эссе «Отбасым – байлығым» («Моя семья – моё богатство»), организованный Центральной библиотекой. Авторы лучших работ среди школьников были отмечены грамотами и памятными подарками. Конкурс стал ярким свидетельством того, что тема семьи по-прежнему занимает важное место в мировоззрении молодёжи и играет ключевую роль в формировании их жизненных ценностей.




Фото из открытых источников

Цель конкурса – укрепление института семьи, формирование у школьников чувства гордости за своих родных, воспитание уважения к родителям, традициям и истории семьи. Эти идеи особенно актуальны сегодня, когда внимание государства и общества сосредоточено на развитии ответственной, духовно зрелой личности. Как неоднократно подчеркивал Президент страны, «Сильная семья — залог сильного государства». Именно поэтому государственная семейная политика Казахстана нацелена на поддержку, просвещение и укрепление семейных устоев, а подобные инициативы библиотек и образовательных учреждений становятся важным вкладом в её реализацию на местах.

Участники конкурса в своих эссе искренне делились личными историями, размышляли о роли семьи, уважении к старшему поколению, ценности родительской заботы. Работы были наполнены теплотой, искренностью и осознанностью. Многие писали о том, как поддержка близких помогала им справляться с трудностями, как семейные традиции делают дом местом силы и вдохновения.

Общее мнение участников сводилось к тому, что семья – главный источник жизненных ценностей и нравственных ориентиров. Именно в семье закладываются такие качества, как доброта, честность, трудолюбие и чувство ответственности. «Семья – мой первый мир, в котором я научился понимать, прощать и любить», говорится в одном из эссе. Школьники отмечали, что конкурс стал для них поводом остановиться и задуматься о самом главном – о том, что действительно важно в жизни.

Организаторы подчеркнули, что подобные мероприятия не только способствуют развитию литературных и творческих способностей учащихся, но и помогают выстроить диалог между поколениями, укрепить эмоциональные связи внутри семьи. Конкурс стал живой площадкой, где дети смогли открыто выразить свои чувства и показать, как много значит для них поддержка и любовь родных.

Победители конкурса были награждены грамотами и памятными подарками. Однако самый ценный итог – осмысление участниками роли семьи в их жизни и осознание личной ответственности за сохранение семейных традиций. Центральная библиотека города Косшы выразила уверенность, что конкурс «Отбасым – байлығым» станет доброй ежегодной традицией и продолжит вдохновлять новое поколение на уважение, благодарность и любовь к самым близким людям.

Полосу подготовила **Жанар АХМЕТОВА**

ӨНЕР

# ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУДЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

Қосшы қаласындағы Қоғамдық мәдени-спорт кешенінің дала театрында Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Әкелер күніне» арналған «OTBASY FEST» фестивалі жоғары деңгейде өтті. Бұл шара отбасылық татулық пен береке-бірлікті насихаттап, қатысушыларға ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлады.




Көңілді аниматорлардың арқасында мерекеге жиналған отбасылардың жүзінен шат-шадыман күлкі есілді. Бұл фестиваль – Қазақстандағы отбасылық құндылықтарды ілгерілету, отбасы институтын нығайту, сондай-ақ әкелер институтын дамытуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. «Әкелер күнінің» Қазақстан Республикасының мерекелік күндер тізбесіне енгізілуі бекер емес. Әлемнің көптеген елдерінде аталып өтетін бұл мереке қазақ халқының «Әке – асқар тау, ана – бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген даналық сөзінің терең мағынасын айқындайды. Асқар таудай әкенің тәрбиесін көріп, асыл қасиеттерін бойына сіңірген ұрпақтың өмірі әрқашан жарқын болатыны сөзсіз. Бұл байқаудың негізгі мақсаты да дәстүрлі отбасылық құндылықтарды насихаттау, үлгілі ата-ана болу идеясын қалыптастыру, сондай-ақ бала тәрбиесіндегі әкелер рөлінің маңыздылығын арттыру болып табылады.

Фестиваль аясында өткен сайыстар отбасылардың бірлігі мен ептілігін көрсетті. Жаңабергендер, Балғожиндар, Апакаевтар, Арасанбектер және Мұратқандар отбасылары сынға түскен бұл бәсекеде қатысушылар арқан тартып, шеге қағып, қымыз ішіп, шалма салып, отбасымен пазл құрады. Әсіресе, «Шеге қағу» бөлімінде ата-аналар бес минут ішінде тақтайға шегелерді түп-түзу қағып, шеберліктерін көрсетті. «Пазл жинау» сайысында жас отбасылардың ептілігі мен ұйымшылдығы байқалса, «Арқан тартыс» сайысында әкелердің білек күші сыналып, спортқа деген жақындықтарын көрсетті. 20 секунд ішінде 1 литр қымызды сіміріп салған әкелердің өнері көпшілікті таңғалдырды. Дегенмен, «Шалма салу» сайысында әкелер нысананы туралап, ат мойнына арқанды іле алмай, біраз қиындықтарға тап болды.




Сайыскерлердің ептілігін «Өнер» орталығының директоры Жанар Шалқарбекқызы, Қосшы қаласының «Jana bastau» газетінің бас редакторы Дәулетқали Асау, Тайтөбе ауылы мәдениет үйінің директоры Айбек Кеңес сынды әділ қазылар алқасы бағалады. Қазылардың шешімімен үшінші орынды Мұратқандар отбасы, екінші орынды Балғожиндар отбасы иеленді. Ал сайыстың бас жүлдесі Арасанбектер отбасына бұйырды. Барлық қатысушыларға бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар табыс етілді.

Өнер сайысына қатысушылардың бірі Балғожин Рүстемнің: «Мемлекеттің алтын діңгегі болған отбасының тыныштығы мен ауызбіршілігін сақтауда әкенің де, ананың да рөлі басым. Түзде жүретін әкелердің қоғамдағы орнын насихаттайтын мерекенің бары ерекше қуанышқа бөлейді. Барлық әкелерді мерекелерімен құттықтаймын», деген жүрекжарды тілегі отбасылық құндылықтардың маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдегендей.



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында Отбасы институтын нығайтудың, дәстүрлі құндылықтарды сақтаудың және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы отбасының рөлінің маңыздылығын әрдайым атап жүр. Мемлекет басшысы «Отбасы – қоғамның негізі, әрбір азаматтың тәрбиесі мен рухани дамуының бастауы» екенін баса айтады. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу арқылы ғана біз бақытты әрі тұрақты қоғам құра аламыз. Әкелердің отбасындағы орны, бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі мен үлгісі ұрпақтың болашағы үшін өте маңызды. Осындай фестивальдер мен шаралар әкелердің қоғамдағы рөлін арттырып, олардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

> «OTBASY FEST» фестивалі – отбасылық бірлік пен рухани байлықты дәріптейтін, болашақ ұрпаққа үлгі боларлықтай маңызды шара болды. Бұл фестиваль дәстүрлі құндылықтарды жаңғыртып, әкелердің қоғамдағы орнын нығайтуға өз үлесін қосты.

**Гүлназ БИСЕН**

Jaṅa Bastau
Меншік иесі – «Bastau Media» ЖШС
Директор – Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ
Бас редактордың орынбасары
Гүлназ БИСЕН
Веб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА
ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Майгүл ХАРИҒАЗЫ
Нөмердің кезекшісі
Гүлназ БИСЕН

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172 )99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

**Редакция мекенжайы:**
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46
**Байланыс телефоны:**
тел.: +7 (701) 709-88-82
Газет «Jaṅa bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
**janabastau2022@gmail.com**
www.janabastau.kz